

"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 683 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Негізгі ережелер

- 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
- 2-бап. Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасы
- 3-бап. Заң көмегін көрсетудің қағидаттары
- 4-бап. Заң көмегін көрсетудің қағидаттарының мағынасы
- 5-бап. Заң үстемдігі
- 6-бап. Заң көмегін көрсету субъектілерінің тәуелсіздігі
- 7-бап. Клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау
- 8-бап. Клиент мүддесінде заң көмегін беру
- 9-бап. Кәсіби құпиялылықты сақтау
- 10-бап. Кәсіби және әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтау
- 11-бап. Заң көмегін көрсетудің шектері мен шараларын айқындау еркіндігі
- 12-бап. Заң көмегі сапасының жоғары стандарттарын сақтау
- 13-бап. Кәсіп бойынша әріптестеріне құрмет
- 14-бап. Заң көмегінің қолжетімділігі
- 15-бап. Заң көмегінің түрлері
- 16-бап. Заң көмегінің нысандары
- 17-бап. Өтеулі негізде заң көмегін көрсету
- 18-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі
- 19-бап. Кешенді әлеуметтік заң көмегі
- 20-бап. Заң көмегі

21-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң көмегін көрсету саласындағы құзыреті

22-бап. Уәкілетті органның заң көмегін көрсету саласындағы құзыреті

2-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ

2-тарау. Мемлекет кепілдік берген заң көмегінің жүйесі

23-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету субъектілері

24-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар

25-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның құқықтары мен міндеттері

26-бап. Жекелеген субъектілердің мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуінің тәртібі

27-бап. Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуінің тәртібі

28-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту

29-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру

30-бап. Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы заңнамасының сақталуын бақылау

3-БӨЛІМ. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

3-тарау. Адвокатура және адвокаттың мәртебесі

31-бап. Адвокатураның мақсаты

32-бап. Бірыңғай ақпараттық адвокаттық жүйе

33-бап. Қазақстан Республикасындағы адвокат

34-бап. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері

35-бап. Адвокаттың кәсіби мінез-құлық нормалары

36-бап. Адвокаттық қызметтің кепілдіктері

37-бап. Адвокат қызметін сақтандыру

38-бап. Адвокат құпиясы

39-бап. Адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

40-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия

41-бап. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары

42-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия

43-бап. Лицензия беруден бас тарту

44-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру

45-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру және оның қолданысын тоқтату

46-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

47-бап. Адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру

48-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу

49-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету

4-тарау. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру

50-бап. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары

51-бап. Адвокаттар алқасы

52-бап. Адвокаттар алқасының мүлкі

53-бап. Адвокаттар алқасының жарғысы

54-бап. Адвокаттар алқасының органдары

55-бап. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)

56-бап. Адвокаттар алқасының төралқасы

57-бап. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы

58-бап. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы

59-бап. Адвокаттар алқасына мүшелік

60-бап. Адвокаттың ант беруі

61-бап. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтата тұру

62-бап. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтату және одан шығару

63-бап. Адвокаттар алқасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері

64-бап. Заң консультациясы

65-бап. Адвокат кеңсесі

66-бап. Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру

67-бап. Республикалық адвокаттар алқасы

68-бап. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы

69-бап. Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы

70-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы

71-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы

72-бап. Республикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы

73-бап. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі

74-бап. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі

75-бап. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы

76-бап. Адвокаттар алқасының әрекетіне (әрекетсіздігіне), оның басқару органдарының шешімдеріне шағым жасау

4-БӨЛІМ. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУІ

5-тарау. Заң консультантының мәртебесі

77-бап. Заң консультанты

78-бап. Заң консультантының құқықтары мен міндеттері

79-бап. Заң консультантының қызметін сақтандыру

6-тарау. Заң консультанттарының қызметін ұйымдастыру

80-бап. Заң консультанттарының палатасы

81-бап. Заң консультанттары палатасының жарғысы

82-бап. Заң консультанттары палатасының функциялары

83-бап. Заң консультанттары палатасының құқықтары мен міндеттері

84-бап. Заң консультанттарының палатасына мүшелік

85-бап. Заң консультанттарының палатасына мүшелікке қойылатын талаптар

86-бап. Заң консультанттары палатасының жарналары

87-бап. Заң консультанттарының палатасында аккредиттелген заңды тұлғаның міндеттері

88-бап. Заң консультанттары палатасының ақпаратқа қолжетімділікті және оны заңсыз пайдаланудан қорғауды қамтамасыз етуі

89-бап. Заң консультанттары палатасының тізілімі

90-бап. Заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару

91-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімі

92-бап. Заң консультанттары палатасының органдары

93-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы

94-бап. Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы

95-бап. Заң консультанттары палатасының атқарушы басқару органы

96-бап. Заң консультанттары палатасының тексеру комиссиясы

97-бап. Заң консультанттары палатасының мамандандырылған органдары

98-бап. Заң консультанттары палатасының өз мүшелерінің қызметін бақылауы

99-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жауапкершілігі

100-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тәртіптік жауапкершілігі

101-бап. Заң консультанттары палатасының әрекетіне (әрекетсіздігіне), оның басқару органдарының шешімдеріне шағым жасау

102-бап. Заң консультанттары палаталарының жауапкершілігі

103-бап. Заң консультанттарының палаталарын мемлекеттік бақылау және қадағалау

7-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

104-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адвокаттық қызмет – жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруда жәрдемдесу мақсатында осы Заңда белгіленген тәртіппен адвокаттар кәсіби негізде көрсететін білікті заң көмегі;

2) осы Заңның мақсатындағы заң көмегі, оның ішінде адвокаттық қызмет – әркімнің білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге, соның ішінде арнайы заңгерлік білімді және дағдыларды пайдалана отырып, білікті заң көмегін беруге (бұдан әрі – заң көмегі) бағытталған қызмет;

3) құқықтық ақпарат беру – Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша ауызша, жазбаша нысандарда, электрондық құжат нысанында не көріп танысу түрінде ақпарат ұсыну арқылы белгіленбеген тұлғалар тобына көрсетілетін заң көмегінің түрі;

4) құқықтық консультация беру – оны алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға ауызша және жазбаша консультациялар нысанында көрсетілетін, оның ішінде арыздарды, шағымдарды, өтінішхаттарды және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау мәселесіне қатысты заң көмегінің түрі;

5) мемлекет кепілдік берген заң көмегі – оны алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген негізде және тәртіппен тегін негізде көрсетілетін заң көмегі;

6) заң көмегінің қатысушылары – заң көмегін көрсететін субъектілер, клиенттер, мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, заң көмегін көрсетуге тартылған өзге де тұлғалар;

7) клиент – заң көмегін көрсету субъектісіне заң көмегін алу үшін жүгінетін жеке немесе заңды тұлғалар (өкіл);

8) заң консультанттарының қызметі – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында білікті заң көмегін көрсету, оның ішінде заңгерлік қызмет көрсетуді беру жөніндегі заң консультанттарының кәсіби қызметі;

9) мүдделер қақтығысы – заң көмегін көрсету субъектісінің жеке мүдделері оның заң көмегін көрсетпеуіне немесе сапасыз көрсетуіне әкелуі мүмкін заң көмегін көрсету субъектісінің жеке мүдделері мен заң көмегін көрсету жөніндегі қызмет арасындағы қайшылық;

10) заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – халыққа заң көмегінің ұйымдастырылуын, сондай-ақ оның сапасын бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заң мен заң көмегін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Заң көмегі Қазақстан Республикасының кодекстерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңның қағидалары бойынша көрсетіледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4. Жекелеген субъектілердің заң көмегін көрсетуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленеді.

3-бап. Заң көмегін көрсету қағидағтары

Заң көмегін көрсету мынадай:

- 1) заң үстемдігі;
- 2) заң көмегін көрсету субъектілерінің тәуелсіздігі;
- 3) клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау;
- 4) клиенттің мүддесінде заң көмегін беру;
- 5) кәсіби құпиялылықты сақтау;
- 6) кәсіби және әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтау;
- 7) заң көмегін көрсетудің шектері мен шараларын айқындау еркіндігі;
- 8) адвокаттық қызметтің және заң көмегі сапасының жоғары стандарттарын сақтау;
- 9) кәсіп бойынша әріптестеріне құрмет;
- 10) заң көмегінің қолжетімділігі қағидағтарына негізделеді.

4-бап. Заң көмегін көрсетудің негізгі қағидағтарының мағынасы

1. Заң көмегін көрсетудің мазмұнын айқындайтын және заң көмегі қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын қамтамасыз ететін оның іргелі бастауы қағидағтар болып табылады.

2. Заң көмегін көрсетудің қағидағтары өзара байланысты болады және олардың жүйесін құрайды. Қағидағтардың әрқайсысын іске асыру заң көмегін көрсетудің өзге қағидағтарымен өзара іс-қимыл жасауда жүзеге асырылады.

5-бап. Заң үстемдігі

Заң көмегі заң алдында барлығының теңдігі, Қазақстан Республикасы Конституциясының, сондай-ақ осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау міндеті негізінде көрсетіледі.

6-бап. Заң көмегін көрсету субъектілерінің тәуелсіздігі

Заң көмегін көрсету субъектілері өздерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады.

Қазақстан Республикалық заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың қызметіне прокуратура, соттар, басқа да мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен тұлғалар тарапынан араласуына жол берілмейді.

Заң көмегін көрсету субъектілері бірлестіктерінің рөлі оларды құрметтеуге және кез келген заңсыз араласудан тәуелсіздігіне негізделеді.

7-бап. Клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау

Заң көмегі жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруда жәрдемдесу мақсатында көрсетіледі.

Заң көмегін көрсету кезінде клиенттің ар-намысын кемсітетін немесе абыройын, жеке өміріне қол сұғылмаушылықты, жеке және отбасылық құпияны, жеке салымдар мен жинақтарының, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесулердің, пошталық, телеграфтық хабарламалардың құпиясын қорлайтын әрекеттерге тыйым салынады.

8-бап. Клиент мүддесінде заң көмегін беру

Заң көмегін көрсету тиімді, қаржылық шығындарды қоса алғанда, көрсетілетін заң көмегінің нәтижесі мүмкіндігі мен салдарын ашумен толық болуы тиіс.

Заң көмегін көрсету субъектісі клиенттің мүддесіне залал келтірмеуді болдырмау үшін өзінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындауы тиіс.

Заң көмегін көрсетудің шараларын таңдау клиенттің мүддесі негізінде болуға тиіс.

Заң көмегін көрсету субъектісі кәсіби міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау жөніндегі шараларды қабылдайды.

9-бап. Кәсіби құпиялылықты сақтау

Клиенттің келісімінсіз кәсіби құпияны ашуға болмайды.

Заң көмегін көрсету кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, кәсіби құпияны сақтау жөніндегі шаралар қолданылады. Кәсіби құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмеген.

10-бап. Кәсіби және әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтау

Заң көмегі жоғары кәсіби және әдептілік мінез-құлық нормалары сақтала отырып көрсетіледі.

Осы нормаларды қалыптастыруды жалпы қабылданған мінез-құлық, адамгершілік нормалары және кәсіби стандарттар негізінде заң көмегін көрсету субъектілері жүзеге асырады.

11-бап. Заң көмегін көрсетудің шектері мен шараларын айқындау еркіндігі

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделсе, заң көмегін көрсету шектері, шаралары субъектінің қалауы бойынша айқындалады және шектеледі.

Құқықты теріс пайдалануға және оның мақсаттарына қайшы құқықты жүзеге асыруға бағытталған заң көмегін көрсету субъектілерінің қызметіне жол берілмейді.

12-бап. Заң көмегі сапасының жоғары стандарттарын сақтау

Заң көмегі сапасының жоғары стандарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік практикаларын енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны жүзеге асыруға тиісті кәсіби дайындығы бар және өз біліктілігін кезең-кезеңімен арттыратын адамдар жіберіледі.

13-бап. Кәсіп бойынша әріптестеріне құрмет

Заң көмегін көрсету субъектілері өздерінің кәсіп бойынша әріптестеріне құрмет, әділдік және ынтымақтастық рухында қарым-қатынас жасауы тиіс.

Заң көмегін көрсету сотқа және сот ісін жүргізу қағидаларына деген құрметке негізделуі тиіс.

14-бап. Заң көмегінің қолжетімділігі

Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар.

Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

15-бап. Заң көмегінің түрлері

Заң көмегі:

1) құқықтық ақпарат беру;

2) құқықтық консультация беру;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және өкілдік ету;

4) клиентпен қолданыстағы немесе ықтимал құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылатын кез келген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауда клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін өзге құқықтық әрекеттер жасау түрінде көрсетіледі.

Құқықтық ақпарат беру, құқықтық консультация беру, адвокаттардың жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауы мен оларға өкілдік етуі "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады.

16-бап. Заң көмегінің нысандары

Заң көмегінің нысандары:

1) өтеулі негізде көрсетілетін заң көмегі;

2) мемлекет кепілдік берген заң көмегі;

3) кешенді әлеуметтік заң көмегі (pro bono) болып табылады.

17-бап. Өтеулі негізде заң көмегін көрсету

Егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғаларға келісім негізінде ақылы көрсетілетін заң көмегі өтеулі негіздегі заң көмегі деп танылады.

18-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі

Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген негізде және тәртіппен заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетілетін заң көмегі деп мемлекет кепілдік беретін заң көмегі танылады.

19-бап. Кешенді әлеуметтік заң көмегі

1. Осы баптың 2-тармағында белгіленген тұлғаларға және жүгінген кезден бастап Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға (құқықтық жағдайды шешілгенге) дейін құқықтық қолдауды белгілеуге мүмкіндік беретін өтеусіз негізде заң көмегін көрсету кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін заң консультанттарының палаталары, Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібі туралы мәліметтер уәкілетті органға жіберіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету жөніндегі қызмет әлеуметтік жауапкершілікті іске асыруға жатады және ерікті түрде жүзеге асырылады.

2. Кешенді әлеуметтік заң көмегі мыналарға:

1) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайдағы адамдарға;

2) атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға;

4) 1 және 2 топтағы мүгедектерге;

5) жасына байланысты зейнеткерлерге;

6) қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы типтегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар мен мүгедектерге;

7) қиын әлеуметтік және қаржылық жағдайдағы өзге де адамдарға көрсетілуі мүмкін.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

3. Егер кешенді әлеуметтік көмекті көрсету клиенттің ақша алуынан көрініс тапқан оң нәтижеге әкелсе, заң көмегі субъектісінің клиенттің келісімі болған жағдайда мүліктік өндіріп алудан он пайыздан аспайтын мөлшерде сыйақы алуына, сондай-ақ мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды өтеттіруге құқығы бар.

4. Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен кешенді әлеуметтік заң көмегін дамытуға елеулі үлес қосқан, осындай қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін ведомстволық наградалармен наградтау арқылы кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету бойынша субъектілердің қызметін ынталандырады.

20-бап. Заң көмегі

Заң көмегін мыналар:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар;

2) заң көмегін көрсету субъектілері (адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары, заң консультанттары);

3) заң қызметін көрсететін және заң консультанттарының палаталарына міндетті мүшелікке негізделген заң қызметін көрсету субъектілерінің коммерциялық емес ұйымдарына кірмейтін адамдар көрсетеді.

21-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң көмегін көрсету саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің, құқықтық консультация берумен, қорғаумен және өкілдік етумен, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізумен байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін белгілейді;

3) өзіне Конституцияда, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

22-бап. Уәкілетті органның заң көмегін көрсету саласындағы құзыреті

Уәкілетті орган:

1) заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) заң көмегін көрсету субъектілерінің қызметін үйлестіреді;

3) заң көмегін көрсету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

4) Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасына, заң көмегін көрсету көлемінің толықтығы мен сапасына мониторинг жүргізеді;

5) заң көмегін көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) заң көмегін көрсету стандарттарын келіседі;

7) заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын келіседі;

8) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

9) мемлекет кепілдік берген заң көмегінің барлық түрлері бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады;

10) мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және интернет-ресурста мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетудің жүйесі және негізгі қорытындылары туралы ақпараттың кемінде жылына бір рет жариялануын қамтамасыз етеді;

12) адвокаттар көрсететін құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

13) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация берумен, мүдделерін қорғау мен білдірумен, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін өткізумен байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекітеді;

14) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетудің сапасын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

15) халықты заң көмегін көрсетудің субъектілері, тетіктері, негіздері мен шарттары туралы құқықтық ақпараттандыруды қамтамасыз етеді;

16) заң консультанттары палаталарын, Республикалық адвокаттар алқасын тексеру жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

17) заң консультанттары палатасының үлгі жарғысын әзірлейді және бекітеді;

18) заң консультанттары палатасы тізілімін жүргізеді;

19) заң консультанттары палатасы тізілімін жүргізу тәртібін бекітеді;

20) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша адвокаттардың кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың үлгі шартын әзірлейді және бекітеді;

21) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша заң консультанттарының кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың үлгі шартын әзірлейді және бекітеді;

22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ

2-тарау. Мемлекет кепілдік берген заң көмегінің жүйесі

23-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету субъектілері

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін адвокаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен қаржыландыра отырып көрсетеді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда өзге де тұлғалар өтеусіз көрсете алады.

24-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар.

2. Осы Заңның 15-бабының 2) және 3) тармақшаларында көзделген, мемлекет кепілдік берген заң көмегі мемлекет кепілдік берген тегін заң көмегін алуға құқығы бар тұлғаларға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік, азаматтық

процестік іс жүргізу заңнамасында және осы Заңның және осы Заңның 3-бөлімінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен көрсетіледі.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін тұрғылықты жеріне және орналасқан жеріне қарамастан алуға құқылы.

4. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның мүддесіне орай оның өкілі заңда белгіленген тәртіппен өтінішхатпен жүгіне алады.

25-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның құқықтары мен міндеттері

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның:

1) мемлекет кепілдік берген заң көмегіне теңдей қол жеткізуге;

2) өз құқықтары, міндеттері және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шарттары туралы ақпарат алуға;

3) тегін заң көмегін көрсету үшін мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілерге жүгінуге;

4) мемлекет кепілдік берген заң көмегін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен алуға немесе оны алудан бас тартуға;

5) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілердің іс-әрекеттеріне не әрекетсіздігіне осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға;

6) мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілген мәселенің құпиялылығын сақтауға құқығы бар.

2. Өзіне осы Заңның 15-бабының 2) және 3) тармақшаларында көзделген, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы өтінішхатпен жүгінген тұлға:

1) өзінің мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығын растайтын, тізбесін уәкілетті орган бекітетін құжаттарды ұсынуға;

2) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетудің шарттарына ықпал ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақтылы хабарлауға;

3) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету қажеттігіне негіз болған ақпараттың анықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

26-бап. Жекелеген субъектілердің мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуінің тәртібі

Мемлекеттік органдар құқықтық ақпарат беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін өз құзыреті шегінде "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен көрсетеді.

Әлеуметтік маңызы бар санаттағы істерді атқару барысында жеке сот орындаушылардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Нотариустардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

27-бап. Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуінің тәртібі

1. Адвокаттар мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілер ретінде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен жеке тұлғаларға мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетеді.

2. Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы қамтамасыз етеді.

Адвокаттардың ауылдық елді мекендерде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуін облыстың адвокаттар алқасы қамтамасыз етеді.

3. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттарды іріктеу өлшемшарттарын Республикалық адвокаттар алқасы бекітеді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттар тізіміне қосылудың басымдық құқығы кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсететін адвокаттарға беріледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы жыл сайын 1 желтоқсаннан кешіктірмей, аумақтық әділет органына мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін жібереді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімі өзекті түрде бірыңғай адвокаттық ақпараттық жүйенің көмегімен автоматты түрде құрылуы мүмкін.

Тізімде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның нөмірі мен берілген күні, адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысаны, атаулары мен адвокаттық қызметті жүзеге асыру орны көрсетіледі.

Адвокаттар тізімі жыл сайын 1 желтоқсаннан кешіктірмей жаңартылып отырады.

Аумақтық әділет органы жыл сайын 25 желтоқсаннан кешіктірмей мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымында жариялайды және өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

4. Аумақтық әділет органы жыл сайын 15 желтоқсаннан кешіктірмей адвокаттармен мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы келісім жасасады.

Уәкілетті орган Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып әзірлейтін және бекітетін келісім нысанында адвокаттардың облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында тұратын халықты көрсетілетін заң қызметтерімен толыққанды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті және оның шарттары қамтылуға тиіс.

5. Адвокаттар ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей адвокаттар алқасына өздері көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есепті ұсынады. Есептің нысанын уәкілетті орган Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып бекітеді.

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы жыл сайын 5 шілдеден және 5 қаңтардан кешіктірмей, аумақтық әділет органына Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып, уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есепті ұсынады.

Облыстың адвокаттар алқасының жиынтық есебі ауылдық елді мекендердің мемлекет кепілдік берген заң көмегімен қамтамасыз етілуі туралы ақпаратты қамтиды.

28-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту

1. Егер арыз беруші өтінішінің құқықтық сипаты болмаса, құқықтық ақпарат беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тартылады.

2. Мынадай шарттардың бірі болған кезде:

1) арыз беруші осы Заңның 24-бабының 2-тармағында көзделген мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар санатына жатпаса;

2) арыз беруші өтінішінің құқықтық сипаты болмаса, құқықтық консультация беру және өкілдік ету түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тартылады.

3. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту дәлелді болуға тиіс және уәкілетті органға шағым жасалуы мүмкін.

Дау реттелмеген кезде сотқа уәкілетті органның шешіміне шағым жасалуы мүмкін.

29-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалардың еңбегіне ақы төлеу мөлшерін, тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

30-бап. Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы заңнамасының сақталуын бақылау

Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы заңнамасының сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

3-БӨЛІМ. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

3-тарау. Адвокатура және адвокаттың мәртебесі

31-бап. Адвокатураның мақсаты

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген құқығын іске асыруға ықпал етуге, сондай-ақ дауды бейбіт реттеуге жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокатура қылмыстық істер бойынша, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қорғау, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызмет шеңберінде жүзеге асырылатын адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Қазақстан Республикасында қызметінің негіздері, тәртібі мен шарттары заңмен белгіленетін мемлекеттік адвокатура енгізілуі мүмкін.

4. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі адвокаттың куәлігімен және процесік заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес бекітіледі.

5. Адвокаттар сот отырыстарына адвокаттық мантиялар киіп қатысуға құқылы.

Адвокаттық мантиялардың нысаны мен сипаттамасын Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейді және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

32-бап. Бірыңғай ақпараттық адвокаттық жүйе

Бірыңғай ақпараттық адвокаттық жүйе – адвокаттық қызметті автоматтандыруға, адвокаттық қызмет туралы уақтылы және анық есептілікті қалыптастыруға, аумақтық адвокаттар алқаларының Республикалық адвокаттар алқасымен, уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасауына арналған аппараттық жүйе.

33-бап. Қазақстан Республикасындағы адвокат

1. Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіби негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған не заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам адвокат бола алмайды.

Мынадай:

қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

теріс себептер бойынша әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған;

сыбайлас жемқорлық қылмысын, қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасағаны үшін мемлекеттік қызметтен шығарылған, осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл ішінде өзге де теріс себептер бойынша мемлекеттік қызметтен шығарылған;

адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған;

нотариустың лицензиясынан айырылған;

жеке сот орындаушысының лицензиясынан айырылған;

теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасы тізілімінен шығарылған, егер шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өткен болса;

осы Заңның 45-бабының 3-тармағында және 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам да осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды.

34-бап. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері

1. Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

2. Адвокат өзіне заң көмегін көрсету туралы өтініш жасаған адаммен өз атынан жазбаша шарт жасасады.

3. Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, процестік заңға сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға ұсынуға;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде процестік құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заңнамалық актілерде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтінішхаттарды мәлімдеуге, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

8) мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заңнамалық актілерде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап жүгінген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

10) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;

11) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;

12) заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, адвокаттың заң көмегін сұрап жүгінген адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды.

Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ғимараттарына белгіленген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсету арқылы еркін кіру құқығын пайдаланады.

Адвокаттың ұстап алынғандарды, күзетпен ұсталатындарды және жазасын өтеп жатқандарды ұстау орындарына кіруі белгіленген өткізу режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Адвокат міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқылы.

Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды адвокаттар қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлейді.

Адвокат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандыруға құқылы.

6. Адвокат:

1) өзінің кәсіптік міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының Конституциясын, осы Заңды, Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасын, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы адвокатының антын, Республикалық адвокаттар алқасы белгілеген Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға;

3) адвокаттар алқасы органдарының, Республикалық адвокаттар алқасының шешімдерін сақтауға және орындауға;

4) өзінің кәсіптік қызметінде осы Заңда белгіленген заң көмегін көрсету қағидаттарын басшылыққа алуға;

5) адвокаттар алқасының мүшесі болуға;

6) өзінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыруды жүзеге асыруға;

7) клиентке (сенім білдірушіге) адвокаттар алқасындағы мүшелігі туралы ақпарат беруге;

8) клиентке (сенім білдірушіге) заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;

9) заң көмегін көрсету кезінде клиенттен (сенім білдірушіден) және үшінші тұлғалардан алған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

10) клиенттің (сенім білдірушінің) талап етуі бойынша сақтандыру полисін ұсынуға ;

11) егер клиент (сенім білдіруші) бұған қарсылық білдірмесе, клиентпен (сенім білдірушімен) құпия ақпаратты жарияламау туралы келісім жасасуға;

12) заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға, көмек сұрауға жүгінген адамның келісімінсіз оларды жарияламауға;

13) клиенттің (сенім білдірушінің) құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау бойынша заңмен тыйым салынбаған кез келген іс-әрекетті орындауға;

14) клиенттің (сенім білдірушінің) талап етуі бойынша заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты орындау туралы есеп беруге;

15) заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттарды қағаз немесе электронды жеткізгіштерде не электронды құжаттар нысанында заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл бойы сақтауға;

16) өзінің кәсіптік біліктілігін үнемі арттырып отыруға;

17) адвокаттар алқасына мүше болып кіргеннен кейін, сондай-ақ коммерциялық ұйым құрылғаннан кейін бір ай ішінде, өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесті (акциялар топтамасын) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты нотариалдық куәландыруға жатады. Адвокат өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлікпен басқаруға бермеуге құқылы. Адвокаттың сенімгерлікпен басқаруға берілген мүліктен табыс алуға құқығы бар;

18) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және заң көмегін көрсету туралы шарттарда көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

7. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда адвокатқа заң көмегін көрсетуге тыйым салынады.

Адвокат егер:

клиенттің (сенім білдірушінің) және адвокаттың, оның жақын туыстарының мүдделер қақтығысы болған жағдайда, сондай-ақ мүдделер қақтығысын қамтитын басқа жағдайлар болғанда;

Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген негіздер болған жағдайда заң көмегін көрсетуден бас тартуға міндетті.

8. Адвокаттың іс бойынша көмек сұрап жүгінген адамның жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттігін өзі мүдделерін қорғайтын немесе білдіретін адамға нұқсан келтіріп пайдалануына тыйым салынады.

9. Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша сот төрелігіне сай емес үкім шығарылған жағдайда, оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

Адвокат егер заң көмегін көрсету оның адами құндылықтарына қайшы келсе, қабылданған тапсырмалардан бас тартуға құқылы.

10. Адвокаттың, коммерциялық ұйымның байқау кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төрелікте төреші болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік қызметте болуына және кәсіпкерлік қызметпен айналысуына, өзге де ақылы лауазымда болуына тыйым салынады.

Адвокат адвокаттар алқасында, Республикалық адвокаттар алқасында және адвокаттардың халықаралық қоғамдық бірлестіктерінде ақы төленетін сайланбалы немесе тағайындалатын лауазымға сайлануға құқылы.

35-бап. Адвокаттың кәсіби мінез-құлық нормалары

Адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіптік қағидаларды сақтауға тиіс:

1) өзінің құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау барысында адалдық білдіру;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап жүгінген адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және шектей отырып, істі негізсіз созуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеу;

4) көмек сұрап жүгінген адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау.

36-бап. Адвокаттық қызметтің кепілдіктері

1. Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады.

2. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады.

3. Адвокаттан, оның көмекшісінен, оның тағылымдамадан өтушісінен, адвокатпен, заң консультациясымен, адвокаттық кеңсемен еңбек қатынастарындағы адамнан, адвокаттар алқасы төралқасының басшылары мен қызметкерлерінен, сондай-ақ өзіне қатысты адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған адамнан жауап алуға, талап етіп алдыруға немесе талап етуге немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда,

адвокаттың және оның клиентінің (сенім білдірушісінің) келісімінсіз, заң көмегін көрсетуге байланысты мәліметтерді, материалдарды басқа тәсілмен алуға әрекеттенуге тыйым салынады.

4. Мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда осылайша жолығуына рұқсат беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығын шектеуге құқығы жоқ.

5. Адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы терроризмге қарсы операциялар жүргізу кезеңіне шараларды және уақытша шектеулер қою жағдайларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделгеннен өзге де жағдайларда жете тексеруге, қарап тексеруге, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды.

6. Адвокатқа адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде заңмен белгіленген тәртіппен қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығына кепілдік беріледі.

7. Қылмыстық қудалау органдары, лауазымды адамдары процестік заңда көзделген жағдайларда, адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге де процестік әрекеттерге оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа хабарлауға міндетті.

8. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтінішіне он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті.

Адвокатқа сұратылып отырған мәліметтерді ұсынудан, мынадай:

- 1) сұрау салуды ресімдеу және жіберу тәртібіне қойылатын талаптар бұзылған;
- 2) сұрау салуды алған субъектіде сұратылып отырған мәліметтер болмаған;
- 3) сұрау салу бойынша ақпаратты алу клиентке (сенім білдірушіге) заң көмегін көрсетумен байланысты емес мақсаттарға жіберілген;
- 4) ақпарат қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа жатқызылған жағдайда бас тартылуы мүмкін.

9. Адвокаттық қызметтің құқықтары мен кепілдіктерін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

37-бап. Адвокат қызметін сақтандыру

1. Адвокат заң көмегін көрсету нәтижесінде клиентке зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша өзінің кәсіби жауапкершілігіне сақтандыру шартын жасауға міндетті.

Адвокаттың өзінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаса, заң көмегін көрсетуіне кірісуге құқылы емес.

2. Сақтандырылушының (сақтандырылған тұлғаның) мүліктік мүдделері, адвокаттың заңнамада белгіленген тәртіп пен міндеттеріне байланысты адвокаттық

қызметті жүзеге асырумен байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу оның кәсіби жауапкершілігін сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Сақтандырылушы тұлға кәсіби қызметін көрсету кезінде жіберген қателіктері нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі адвокаттың кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

Осы баптың мақсаттары үшін:

- 1) процестік мерзімдерді өткізіп алу;
- 2) құжаттарды дұрыс ресімдемеу;
- 3) жасалған заңды әрекеттер салдарынан өзіне келтірілген зиян туралы үшінші тұлғаны хабардар етпеу;
- 4) сақтандырылушының (сақтандырылған тұлғаның) заң көмегін көрсету үшін клиенттен алынған құжаттарды жоғалту немесе бүлдіру;
- 5) адвокат құпиясы деп саналатын мәліметтерді заңсыз тарату кәсіби қателіктер деп түсініледі.

Шартта сақтанушы тұлға заң көмегін көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғатын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) айқындалуы мүмкін.

4. Егер үшінші тұлғаға келтірілген зиян сақтандырылушының (сақтандырылған тұлғаның) кәсіби міндеттерін қасақана емес бұзу салдарынан болса, сақтандыру жағдайы орын алған деп есептеледі.

5. Адвокаттың кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен айқындалады және адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан күніне, қызметін республикалық маңызы бар қала аумағында жүзеге асыратын адвокаттар үшін – кемінде 1000, өзге де адвокаттарға кемінде 500 еселенген, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішті құрауға тиіс.

Адвокаттың кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тәртібі мен өзге де талаптары адвокаттардың кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың үлгі шарты негізінде тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

38-бап. Адвокат құпиясы

1. Адвокат құпиясын адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап жүгінген адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап жүгінген адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге де ақпарат құрайды.

2. Адвокаттардың, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілерінің адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультациясы, адвокат кеңсесі

қызметкерлерінің, сондай-ақ өзіне қатысты адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған тұлғаның заң көмегін көрсетуге байланысты алынған қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші бір тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ.

3. Адвокат құпиясына жататын мәліметтерді көмек сұрап жүгінген адамның келісімінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады.

4. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер мен ақпарат беру адвокат құпиясын жария ету болып табылмайды.

5. Адвокат құпиясын сақтау міндеті уақытпен шектелмейді.

6. Адвокаттар, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокат кеңсесінің қызметкерлері адвокат құпиясын сақтау үшін қажетті шаралар қабылдауға, оның ішінде оны рұқсатсыз қолжеткізуден қорғауға міндетті.

39-бап. Адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

1. Адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

2. Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке айналысатын адвокатта жұмыс істеуі мүмкін.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және жауапкершілігімен оның тапсырмаларын орындауға құқылы.

3. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттың тағылымдамадан өтушісі болып табылады.

Тағылымдамадан өтудің мақсаты адвокаттық қызметтің кәсіптік білімдері мен практикалық дағдыларын игеру болып табылады.

Осы Заңның 33-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келетін және тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейтін және бекітетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеде тізбесі белгіленетін құжаттарды қоса бере отырып, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішпен адвокаттар алқасының төралқасына жүгінеді.

4. Адвокаттар алқасының төралқасы өтінішті қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) тағылымдамадан өтуге жіберу туралы;

2) тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтініш бойынша шешім бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

5. Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілері санының көп жинақталуы себебімен тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тартуға жол берілмейді.

6. Тағылымдама кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттың басшылығымен жүзеге асырылады. Тағылымдаманың ұзақтығы алты айдан бір жылға дейінгі мерзімді құрайды. Бір адвокатта тағылымдамадан бір мезгілде екеуден аспайтын тағылымдамадан өтуші өте алады.

Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

Тағылымдамадан өту кезеңінде еңбек шарты бойынша тағылымдамадан өтуші адвокаттың көмекшісі ретінде жұмысқа қабылдануы мүмкін.

7. Тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыруды уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейтін және бекітетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге сәйкес адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдама материалдарын қарау нәтижелері бойынша тағылымдамадан өтуге жіберу туралы не тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тағылымдамадан өту туралы қорытынды адвокаттар алқасының төралқасы бекітетін кезден бастап үш жыл бойы жарамды.

Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім дәлелді болуға тиіс. Адвокаттар алқасы төралқасының тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешіміне Республикалық адвокаттар алқасына шағым жасалуы мүмкін.

Дау реттелмеген жағдайда Республикалық адвокаттар алқасының шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Тағылымдамадан өтпеген адам жалпы негіздерде тағылымдамаға қайта жіберіледі.

8. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар тағылымдамадан өтпейді.

9. Адвокаттың көмекшісі мен тағылымдамадан өтушісінің адвокаттық қызметпен дербес айналысуға құқығы жоқ.

40-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия

1. Тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары жанынан құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда аттестаттаудан өтеді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия жеті мүшеден, оның ішінде кандидатураларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың адвокаттар алқаларының мүшелерінің жалпы жиналысы аттестаттауды өткізу кезеңіне айқындайтын үш адвокаттан тұрады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның жеке құрамы және олардың жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрықтарымен бекітіледі.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар;

3) теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

3. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны алуға үміткерлерді сапалы іріктеуді қамтамасыз ету;

2) отырыстардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының, Республикалық адвокаттар алқасының өкілдері, адвокаттар алқасының мүшелері қатысуға құқылы.

5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның отырыстарында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті сападағы дыбыс-және (немесе) бейнежазбалар не стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, дыбыс-және (немесе) бейнежазбалар отырыстың хаттамасына қоса тігіледі және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның материалдарымен бірге сақталады.

41-бап. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары

1. Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары уәкілетті орган бекітетін қағидаларда айқындалады.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды қоса тіркей отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не бірыңғай адвокаттық ақпараттық жүйе көмегімен жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам өтініш берген кезде аттестаттаудан өткізу орнын, күнін, уақытын және тілін (қазақ немесе орыс) анықтауға құқылы.

3. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтару себебі туралы жазбаша хабарлай отырып, өтінішті үміткерге ұсынылған құжаттармен бірге қарамастан қайтарады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия материалдарды қарау қорытындылары бойынша аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

Өтінішті бірыңғай адвокаттың ақпараттық жүйесі арқылы берген кезде барлық деректердің адвокатқа қойылатын талаптарға сәйкестігі интеграцияланған деректер қорының ресурстарын пайдалана отырып, автоматты түрде тексеріледі.

Егер үміткер осы Заңда белгіленген талаптарға сай болмаса, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге жібереді.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы оны өткізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

Өтінішті бірыңғай адвокаттық ақпараттық жүйесі арқылы берген және үміткер адвокаттық қызметпен айналысуға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда бірыңғай адвокаттық ақпараттық жүйе аттестаттау жүргізу үшін үміткерлердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады және өткізу орнын, күнін, уақытын, тілін (қазақ немесе орыс) және оны тәртібін растайды.

5. Аттестаттау жарты жылда бір рет өткізіледі.

Аттестаттау мынадай екі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға психологиялық дайындықты кешенді компьютерлік тестілеу;

2) қажетті көздерді пайдалана отырып істің мән-жайларын талдау бойынша практикалық тапсырмалар кезеңдерінен тұрады.

7. Уәкілетті орган белгілеген кешенді компьютерлік тестілеудің шекті балын жинаған үміткер кешенді компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі және аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

8. Біріздендірілген заңи тест тапсырмаларынан кешенді компьютерлік тестілеу компьютерлік техниканы пайдалана отырып өткізіледі.

Бірыңғай адвокаттық ақпараттық жүйені қолданған жағдайда кешенді компьютерлік тестілеудің мазмұны біріздендірілген заңи тест тапсырмаларынан автоматты түрде жасалады.

Біріздендірілген заңи тест тапсырмаларын қалыптастыруды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен конкурстық негізде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

9. Аттестаттау үшін практикалық тапсырмалардың мазмұнын Республикалық адвокаттар алқасы өзі қалыптастырады.

Республикалық адвокаттар алқасы практикалық тапсырмалардың нұсқаларын үміткерлер санынан асып түсетін мөлшерде ұсынады. Практикалық тапсырмалардың сұрақтары құпия ақпарат болып табылады және таратылуға жатпайды.

10. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия аттестаттаудың екінші кезеңінің нәтижелері бойынша аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы дәлелді шешім шығарады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешіміне, уәкілетті органға шағым жасалуы мүмкін.

Дау реттелмеген жағдайда уәкілетті органның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Аттестаттау туралы шешім оны шығарған күннен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

11. Аттестаттаудан өткен кезде үміткердің кодекстерді және Қазақстан Республикасының заңдарының қағаз мәтіндерін пайдалануға болатын аттестаттаудың екінші кезеңін қоспағанда, анықтамалық, арнаулы және басқа да әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия үміткерді аттестаттаудан шеттетеді.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен бастап үш ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

42-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия адвокаттық қызметпен айналысуға рұқсат беру болып табылады және оны Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен тағылымдамадан және аттестаттаудан өткеннен кейін лицензиар береді.

2. Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиялардың тізілімін жүргізеді, тізілім мәліметтерін, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттар тізімін өзекті түрде интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

43-бап. Лицензия беруден бас тарту

Лицензия беруден "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша бас тартылады.

44-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы:

- 1) адам мемлекеттік қызметте болған;
- 2) ол Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен төленетін, тұрақты немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;
- 3) мерзімді әскери қызметті өткерген;
- 4) оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметті қоспағанда, адвокат кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен айналысқан;
- 5) тоқтата тұру мерзімі көрсетілетін өзінің өтініші негізінде адвокат өз өкілеттіктерін орындамаған;
- 6) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айырылу туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған;
- 7) қылмыс жасалғанда адвокат айыпталушы ретінде тартылған;
- 8) оқытудан (біліктілікті көтеруден) өтпеген немесе оны өтуден бас тартқан;
- 9) жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарына сәйкес келмейтін, адвокаттың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсеткен кезеңде тоқтатыла тұрады.

3. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұруды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдарының, Адвокаттардың республикалық және өңірлік алқалары тәртіптік комиссияларының ұсынысы негізінде лицензиардың шешімімен жүзеге асырылады.

Лицензиардың адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешімінде лицензияның қолданысын тоқтата тұру

себептері мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Адвокат лицензиясының қолданысын тоқтата тұру лицензиардың адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күнінен бастап адвокаттық қызметті жүзеге асыруға тыйым салуға әкеп соғады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы " Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзған жағдайларда, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген негіз бойынша алты ай мерзімге тоқтатыла тұрады.

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұрған адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын қайта жалғастыру адвокаттың өтініші бойынша күнтізбелік он күн ішінде лицензиардың бұйрығы және оның қолданысын тоқтата тұру үшін негіздердің тоқтатылғанын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының қайта жалғастырылғаны туралы адвокат, адвокаттар алқасы, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары, соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдары хабардар етіледі.

6. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім лицензиардың интернет ресурсында жарияланады. Қабылданған шешім туралы адвокат, адвокаттар алқасы, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары, соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдары хабардар етіледі.

7. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе ұзартудан бас тарту туралы шешімге адвокат сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

8. Қажет болған жағдайда және клиенттің (сенім білдірушінің) келісімі бойынша адвокаттар алқасы адвокатының адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы тоқтатыла тұрған клиентке заңгерлік көмек көрсетуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

45-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру және оның қолданысын тоқтату

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыруды лицензиардың талап-арызы бойынша мынадай:

1) адвокат кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіби этикасы кодексін өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған;

3) осы Заңының 44-бабы 2-тармағының 4), 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша себептер жойылмаған, ол бойынша лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған;

4) адвокаттың лицензия беру үшін негіз болып табылған құжаттарда дұрыс емес немесе қасақана бұрмалаған ақпарат беру фактісін анықталған;

5) осы Заңының 44-бабы 2-тармағының 4), 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензияның қолданысын үш мәрте тоқтата тұрған жағдайларда сот тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Адвокаттар алқасы төралқасының өтініші осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы талап арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Аумақтық әділет органының ұсынысы осы баптың 3-тармағының 1), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген жағдайда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы талап арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Лицензиар сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысынан айыру туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуды лицензиар:

1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша адвокат әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабар-ошарсыз кетті деп танылған;

2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;

3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

4) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда жүзеге асырады.

6. Аумақтық әділет органының ұсынысы осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысының тоқтатылғаны туралы соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

46-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

1. Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) ауызша және жазбаша нысанда да құқықтық мәселелер бойынша консультациялар мен анықтамалар береді;

2) арыздар, шағымдар, өтініштер мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасайды;

3) азаматтық сот ісін жүргізуде клиенттің (сенім білдірушінің) өкілі ретінде қатысады;

4) қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуде қорғаушы немесе клиенттің (сенім білдірушінің) өкілі ретінде қатысады;

5) медиация жүргізу кезінде, төрелікте және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға клиенттің (сенім білдірушінің) өкілі ретінде қатысады;

6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда клиенттің (сенім білдірушінің) мүддесін білдіреді;

7) егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында, клиенттің (сенім білдірушінің) мүддесін білдіреді;

8) клиенттің (сенім білдірушінің) өкілі ретінде атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде қатысады;

9) татуластыру рәсімдерін жүргізеді.

2. Адвокаттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

3. Көмек сұрап келген адам, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, оның қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде оған адвокат тағайындалған (осы Заңның 49-бабы) жағдайларды қоспағанда, адвокат таңдауда еркін.

4. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды адвокаттар ғана жүзеге асырады.

47-бап. Адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру

1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі адвокаттың куәлігімен және процесік заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес расталады.

Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсетуге арналған өкілеттігін куәландыратын құжаттармен расталады.

2. Адвокат Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ, егер бұл қабылдаған тапсырманы орындау үшін қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, оның аумағынан тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқылы.

48-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу

1. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу мөлшері және татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу көмек сұрап жүгінген адаммен адвокат жасасатын жазбаша шартта белгіленеді.

Шарт жасасу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың бір данасы заң көмегін көрсету туралы шарт жасасқан адамға беріледі.

Мыналар:

1) тапсырмаларды орындауды қабылдаған адвокаттың қорғаушы не өкіл ретінде тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсету. Адвокат кеңсесі мен заң көмегін алуға келген адам арасында жасалған шарт бойынша қорғаушы немесе өкіл ретінде тапсырманы орындауды адвокат кеңсесі тағайындаған адвокат қабылдайды;

2) адвокаттық қызмет ұйымының нысанын және тапсырманы қабылдаған адвокат өзі мүшесі блып табылатын адвокаттар алқасын көрсету;

3) тапсырмалардың нысаны;

4) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібі;

5) шартты бұзу тәртібі мен жағдайлары шарттың маңызды талаптары болып табылады.

Адвокаттар көрсететін заң көмегіне істің нәтижесіне немесе адвокаттық қызметтің табыстылығына байланысты ақы төлеу мөлшерін белгілейтін шарттарға немесе ұйғарылған соманың бір бөлігін адвокат алатын шарттарға жол берілмейді.

Заң көмегіне ақы төлеу, оның ішінде ауызша заң консультациялары және тапсырмаларды орындауға байланысты шығыстар есебінен адвокаттың немесе адвокаттық кеңсенің қолма-қол ақша алуына тиісті қаржы құжатынсыз жол берілмейді.

2. Клиенттерге (сенім білдірушілерге) ұсынылатын адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу мөлшерін анықтау мақсатында Республикалық адвокаттар алқасы ұсынымдық сипатта болатын заң көмегіне ақы төлеудің тарифтік кестесін әзірлейді және бекітеді.

3. Заңнамада көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығыстарын анықтау, алдын ала тергеу органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымы бойынша бюджет қаражатынан жүргізіледі.

4. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

49-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету

1. Адвокаттар мыналарға:

1) соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;

2) егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда адвокат көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Адвокат бюджет қаражаты есебінен көрсететін заң көмегінің негіздері осы Заңмен және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамасында белгіленеді.

4. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімінен адвокатты таңдау, бірыңғай адвокаттық ақпараттық жүйесінің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегін өтініш беруші жүгінгеннен кейін бірден көрсету мүмкін болмаған кезде, ол жүгінген кезден бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау уақыты туралы қолжетімді нысанда хабардар етілуге тиіс.

Егер өтініш беруші жүріп-тұру қиындығына байланысты асқынған ауруы, мүгедектігі салдарынан адвокаттың белгілеген қабылдау орнына келе алмайтын болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде өткізіледі. Мұндай жағдайларда құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегін көрсетудің ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда көрсетілген мерзімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы ұзарта алады.

Адам дәл сол бір мәселе бойынша құқықтық көмекті бір рет ала алады.

6. Бюджет қаражатын өтеу есебінен адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен осындай көмек көрсеткен адвокат жүргізеді.

Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегіне ақы төлеу адвокаттың орындаған жұмысы туралы актінің және тиісті адвокаттар алқасы өтінімінің негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің тәртібі уәкілетті орган бекіткен заң көмегіне ақы төлеудің қағидаларымен белгіленеді.

4-тарау. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру

50-бап. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары

Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы не заңды тұлғаны тіркемей-ақ дара жүзеге асыруға, сондай-ақ дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, адвокат кеңсесі арқылы құруға құқылы.

Адвокат тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында құрылған және әрекет ететін адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс.

Заңды тұлғаны тіркемей-ақ кәсіптік қызметін дара жүзеге асыратын адвокаттың тұлғаларды қабылдауға, адвокаттық іс жүргізуді сақтауды және адвокат құпиясын

сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға қажетті қызметтік үй-жайы болуға міндетті.

51-бап. Адвокаттар алқасы

1. Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады.

2. Адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы Заңда белгіленген өзге де функцияларды орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуге тиіс, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол осы Заңның 33-бабының талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамасымен құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс.

4. Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері:

1) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алқа мүшелеріне жәрдемдесу, кәсіби көмек көрсету және оларды қорғау;

2) алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;

4) алдын ала тергеу және сот органдарының белгілеуі бойынша бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету (осы Заңның 49-бабы) мен қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

5. Адвокаттар алқасы өзінің интернет-ресурсына:

1) адвокаттар алқасының жаңартылған күйдегі адвокаттар тізімін;

2) адвокаттық қызметке қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін;

3) Кәсіби әдеп кодексін;

4) заң көмегін көрсету стандарттарын;

5) заң көмегі сапасының өлшемшарттарын;

6) біліктілікті арттыру стандарттарын;

7) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету туралы мәліметтерді;

8) адвокаттар алқасын басқарудың атқарушы органдарының адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) қабылдаған шешімдері туралы;

9) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелері;

10) әрбір ерекшеліктері бойынша бөлек барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпаратты қамтитын алқаның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін;

11) адвокаттар алқасының қызметі, алқа мүшелері туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы мүшелерінің ақпаратты алу тәсілдерін көздеуі тиіс.

6. Адвокаттар алқалары заң консультацияларын құрады.

7. Адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасына бірігеді.

52-бап. Адвокаттар алқасының мүлкі

1. Адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқасы мүшелерінің жүзеге асыратын аударымдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін гранттар мен қайырымдылық көмек (қайырмалдықтықтар) есебінен қалыптастырылады.

2. Адвокаттар алқасының ортақ қажеттіліктеріне арналған шығындарға оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған және адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, адвокаттар алқасы аппараты қызметкерлерінің жалақысына арналған шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

53-бап. Адвокаттар алқасының жарғысы

1. Адвокаттар алқасының жарғысы:

1) адвокаттар алқасының атауын, қызметінің нысанасы мен мақсаттарын;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін;

3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібін;

4) адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін;

5) заң консультацияларын құру мен олардың жұмыс істеу тәртібін;

6) мүлік жинау көздері мен оған иелік ету тәртібін;

7) мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу тәртібін;

8) адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібін және адвокаттар арасында сот, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін бөлу тәртібін;

9) Адвокаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы ереженің негізінде адвокаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібін;

10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың тағылымдамадан өтушілердің тәртіптік жауапкершілігі мен оған тарту тәртібін;

11) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясының қолданысын тоқтату туралы талап-арызды дайындау туралы өтініш жасау тәртібін;

12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібін;

13) адвокаттар алқасы таратылған жағдайда мүліктің тағдырын көздеуге тиіс.

2. Адвокаттар алқасының жарғысы осы Заңның 1-бөлімінің және осы бөлімнің талаптарын көрсететін ережелерді қамтуы тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді қамтуы мүмкін.

54-бап. Адвокаттар алқасының органдары

1. Адвокаттар алқасының органдары:

1) мүшелердің жалпы жиналысы (конференция);

2) атқарушы органы – төралқа;

3) бақылаушы органы – тексеру комиссиясы болып табылады.

Адвокаттар алқасында адвокаттардың тәртіптік комиссиясы құрылады.

2. Жарғыда көзделген жағдайларда адвокаттар алқасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін әдеп жөніндегі комиссия және басқа да органдар құрылуы мүмкін.

55-бап. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)

1. Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

2. Жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) адвокаттар алқасының Жарғысын және Жарғыға өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) төралқаны, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын, адвокаттардың тәртіптік комиссиясын сайлау;

3) Жарғыда көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау және бекіту;

5) адвокаттар алқасының басшылары мен қызметкерлерін мерзімінен бұрын кері шақыру;

6) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген айлық есептік көрсеткішке еселенген мөлшерде есептелетін мүшелік, нысаналы жарна мөлшерлемесін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аспайтын адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік, нысаналы жарналарды төлейді.

7) қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есебін бекіту.

3. Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екісі немесе, тиісінше, конференция сайлаған делегаттар құрамы болған жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Жалпы жиналысты (конференцияны) жылына кемінде бір рет адвокаттар алқасының төралқасы шақырады. Тексеру комиссиясының немесе алқа мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша алқа төрағасы отыз күн ішінде жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.

5. Адвокаттар алқасының Жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер көзделуі мүмкін.

56-бап. Адвокаттар алқасының төралқасы

1. Адвокаттар алқасының төралқасы жасырын дауыспен төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

Бір тұлғалар адвокаттар алқасының төралқасында бір мерзімнен артық бола алмайды.

2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерін орындауды ұйымдастырады, жалпы жиналысты (конференцияны) шақырады;

3) адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерін даярлауды ұйымдастырады;

5) адвокаттардың қызметі туралы олардың жинақталған есептерін Республикалық адвокаттар алқасына тоқсан сайын ұсынады;

6) жүктілігі және бала тууы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оны күтімі бойынша демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және уақытша еңбекке жарамсыздығы салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды мүшелік, нысаналы жарнаны төлеуден босатады;

7) адвокаттың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұсыныстарды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) адвокаттарды аттестациялауды өткізуді және олардың кәсіби біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) осы Заңда көзделген негіздер бойынша лицензиарға адвокатқа қатысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арызды дайындау туралы өтініш береді;

10) адвокаттардың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауы бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді, оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

12) кодификациялық-анықтамалық жұмысты жүргізуді ұйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлейді және басып шығарады;

13) заң консультацияларын құрады, олардың меңгерушілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

14) адвокат куәлігін береді, оның нысанын уәкілетті органның келісуі бойынша Республикалық адвокаттар алқасы бекітеді;

15) адвокаттар алқасының қаражатына Жарғы мен жалпы жиналыс белгілейтін тәртіппен иелік жасайды;

16) бухгалтерлік есептің, қаржылық есептіліктің жүргізілуін, іс қағаздарын жүргізуді және алғашқы статистикалық деректерді қалыптастыруды ұйымдастырады;

17) адвокаттар алқасының мүлкіне иелік ету тәртібін белгілейді;

18) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

57-бап. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы

1. Өзі сайланған күнге дейін кемінде бес жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып сайлана алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Бір адам бір мерзімнен артық адвокаттар алқасының төрағасы лауазымында бола алмайды.

2. Алқаның жарғысына сәйкес адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқа, алқа мүшелерінің жалпы жиналыстары шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысына басшылық жасайды, алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген лицензиаттар туралы,

сондай-ақ шығарылу себебін көрсете отырып, адвокаттар алқасы мүшелігінен шығарылғандар туралы мәліметтерді лицензияға, Республикалық адвокаттар алқасына уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, адвокаттар алқаларының қызметі туралы есепті Республикалық адвокаттар алқасына ұсынуды қамтамасыз етеді;

6) адвокаттар көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есепті аумақтық әділет органына уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының басқа да өкілеттіктері адвокаттар алқасының жарғысында айқындалады.

58-бап. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы

1. Адвокаттардың тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының және оның органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын адвокаттар алқасының органы болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің санынан құрылуы мүмкін. Тексеру комиссиясы мүшелерінің адвокаттар алқасында өзге сайланатын лауазымдарды атқаруға құқығы жоқ.

Тексеру комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Тексеру комиссиясының мүшелері ерікті жұмыс істейді.

3. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) екі жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

Бір адам бір мерзімнен артық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясының құрамында бола алмайды.

4. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының, оның органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне әр кезде тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясы осы мақсат үшін алқаның барлық құжаттамасына шартсыз қолжетімділік құқығын иеленген. Тексеру комиссиясының талабы бойынша адвокаттар алқасының органдары ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірме беруге міндетті.

5. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық есебіне міндетті түрде тексеру жүргізеді және оның нәтижесін адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырады.

6. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының кезекті жалпы жиналысына (конференциясына) есеп береді.

7. Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі, есеп беру кезеңділігі адвокаттар алқасының жарғысында, ішкі құжаттарында айқындалады.

59-бап. Адвокаттар алқасына мүшелік

1. Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.

Бастапқы жарналарға тыйым салынады.

Осы Заңның 33-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлардың бірінің анықталуы адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға Республикалық адвокаттар алқасына және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы адвокаттар алқасы төралқасының шешіміне Республикалық адвокаттар алқасына шағым жасалуы мүмкін.

Республикалық адвокаттар алқасы даудың шешімін реттемеген кезде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Адам алқадан шығарылған, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясын сақтап қалған жағдайда ол шығарылған сәттен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін алқаға қайта қабылдануы мүмкін. Бұл кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

60-бап. Адвокаттың ант беруі

1. Адвокаттар алқасының мүшелігіне кірген лицензиат Республикалық адвокаттар алқасы белгілеген тәртіппен мынадай мазмұнда ант береді:

"Мен, (аты және тегі), заң көмегін көрсету қағидаттарын, Кәсіптік әдеп кодексін сақтауды, адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін шын және адал қорғауды, білікті заң көмегін алу құқықтарымен қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүктелген міндеттемелерді орындауға салтанатты түрде ант етемін".

2. Лицензиат ант мәтініне (арызға) қол қояды және ол оның жеке ісінде сақталуы тиіс.

Адвокат куәлігінің нысаны мен оны толтыру тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы бекітеді.

Адвокаттық мәртебесі тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған тұлға, тиісті шешім қабылданғаннан кейін өзінің куәлігін адвокаттар алқасына тапсыруға міндетті.

3. Адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы адвокаттарының тізілімін жүргізеді және оны өзекті түрде алқаның интернет-ресурсында орналастырады.

Адвокаттар алқасы адвокаттың мәртебесін алу, тоқтата тұру және тоқтату туралы ақпаратты Республикалық адвокаттар алқасына жолдайды.

61-бап. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтата тұру

1. Осы Заңның 44-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында, 4-тармағында көзделген негіздер бойынша адвокаттық қызметпен айналысу құқығына

арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтата тұруға негіз болып табылады.

2. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтата тұру тәртіптік әсер ету шарасы ретінде мына жағдайларда:

1) адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының шешімімен осы Заңның 44-бабы 2-тармағының 8), 9) тармақшаларында көзделген негіздердің бар екендігін, кейіннен уәкілетті органға тиісті ұсыныс жолдана отырып белгіленуі;

2) адвокаттар алқасының жарғысында көзделген басқа да жағдайларда қолданылады.

Адвокаттар алқасына мүшелікті жалғастыруды адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы қайта жалғастырылғаннан кейін, сондай-ақ адвокаттар алқасының жарғысында көзделген тәртіппен және жағдайларда адвокаттар алқасы жүзеге асырады.

62-бап. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтату және одан шығару

1. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия қолданысының тоқтатылуы адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтатуға негіз болып табылады.

2. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтату мына жағдайларда:

1) адвокаттың өз еркі бойынша;

2) адвокаттың адвокаттар алқасына мүшелігін өзге адвокаттар алқасына мүшелікке өзгерту туралы хабарламасының негізінде;

3) адвокат қайтыс болған;

4) адвокаттар алқасының Жарғысында көзделген басқа да жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Адвокаттар алқасынан шығару тәртіптік ықпал ету шарасы ретінде мына жағдайларда:

1) осы Заңның 45-бабында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айыру;

2) адвокаттың лицензиядан айыруға негіз болып табылатын әрекет жасауы фактісінің адвокаттар алқасы тәртіптік комиссиясының шешімімен кейіннен уәкілетті органға тиісті ұсыныс жолдана отырып белгіленуі;

3) адвокаттар алқасының Жарғысында көзделген басқа да жағдайларда қолданылады.

4. Алқа төралқасының шығару туралы қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде уәкілетті органға алқадан шығаруға шағым жасалуы мүмкін.

Дау реттелмеген жағдайда, уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

63-бап. Адвокаттар алқасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері

1. Адвокаттар алқасы мүшесінің:

1) алқаның, оның органдары мен лауазымды адамдарының жәрдемін, кәсіби көмегін және қорғауын пайдалануға;

2) адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;

3) адвокаттар алқасы органдарының алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасы органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдарды беруін талап етуге;

4) алқа органдары оның қызметін немесе мінез-құлқын тексерген және талқылаған барлық жағдайларда жеке өзі қатысуға;

5) адвокаттар алқасының Жарғысында айқындалған тәртіппен және шарттарда оның мүлкін пайдалануға;

6) өз бастамасымен алқа құрамынан шығуға құқығы бар.

2. Адвокаттың осы Заңның 34-бабында көзделген жалпы міндеттерінен басқа, адвокаттар алқасының мүшесі:

1) адвокаттар алқасы Жарғысының талаптарын сақтауға;

2) адвокаттар алқасы мен оның органдарының жалпы жиналысының шешімдерін орындауға;

3) мүшелік, нысаналы жарналарды төлеуге;

4) адвокаттар алқасының төралқасына өз жұмысы туралы статистикалық есеп беруге;

5) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген жағдайда, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда лицензиарға беруге;

6) өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы адвокаттар алқасының төралқасына хабарлауға;

7) өзі көрсеткен заң көмегінің сапасына жеке және заңды тұлғалардың жүгінуі бойынша тексеру үшін қажетті материалдарды адвокаттар алқасының төралқасына ұсынуға міндетті.

3. Адвокаттар алқасының мүшесі мүшелік, нысаналы жарналарды төлеу міндеттемесінен басқа, адвокаттар алқасының алдында басқа біржақты мүліктік міндеттемелер жүктей алмайды.

4. Адвокаттар алқасының мүшелері өз құқықтары мен міндеттемелерінде тең болады.

64-бап. Заң консультациясы

1. Азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады.

2. Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы айқындайды.

3. Заң консультациясы адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы мен тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті өзге де атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасының жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын Ереже негізінде жұмыс істейді.

4. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгеруші басқарады.

65-бап. Адвокат кеңсесі

Адвокат кеңсесі коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Адвокат кеңсесі адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылады (ұйымдастырылады).

3. Адвокат кеңсесін адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады.

Адвокат тек бір ғана адвокат кеңсесінің серіктесі бола алады.

4. Адвокат кеңсесінің серіктестері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, адвокат кеңсесі өз серіктестерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. Адвокат кеңсесі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес адвокаттардың адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты алынған кірістері бойынша олардың салық агенті, сондай-ақ клиенттермен (сенім білдірушілермен) және үшінші тұлғалармен есеп айырысу бойынша және адвокат кеңсесінің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да мәселелер бойынша олардың өкілдері болып табылады.

6. Адвокат кеңсесін құрған адвокаттар өз араларында жай жазбаша нысанда серіктестік шарт жасасады. Серіктестік шарт бойынша адвокат-серіктестер барлық серіктестердің атынан заң көмегін көрсету үшін өз күштерін біріктіруді міндеттенеді. Серіктестік шарт адвокат кеңсесін мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылмайды.

7. Егер серіктестік шартта өзгеше белгіленбесе, адвокат кеңсесінің жалпы істерін жүргізуді басқарушы серіктес жүзеге асырады. Кеңсе құрамына кіретін барлық серіктестерді білдіре отырып, адвокат кеңсесі атынан басқарушы серіктес клиентпен (сенім білдірушімен) заң көмегін көрсету туралы шарт жасасады.

8. Бір адвокат құрған адвокат кеңсесі өзінің қызметін Жарғы негізінде жүзеге асырады.

9. Адвокат кеңсесінің серіктесі (серіктестері) адвокат кеңсесі мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасын жазбаша хабардар етуге және адвокат кеңсесінің серіктестік құжаттарын оның иелігіне ұсынуға міндетті.

10. Адвокат кеңсесінің серіктестері салым ретінде салған мүлік адвокат кеңсесінің меншік құқығында тиесілі болады.

11. Адвокат кеңсесінің серіктестері құрамының өзгеруі:

- 1) серіктестің шығуы;
- 2) жаңа серіктесті қабылдау;
- 3) осы Заңда көзделген негіздер бойынша серіктестің адвокаттық қызметті тоқтатуы салдарынан жүзеге асырылуы мүмкін.

12. Адвокат кеңсесінің серіктестері:

1) егер адвокат кеңсесінің Жарғысында өзгеше көзделмесе, адвокат кеңсесінен шыққан не адвокаттық қызметті тоқтатқан кезде адвокат кеңсесінің меншігіне олар өздері берген мүлік құнының шегінде адвокат кеңсесі мүлкінің бөлігін немесе осы мүліктің құнын алуға;

2) адвокат кеңсесі таратылған жағдайда, кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін адвокат кеңсесінің меншігіне өздері берген мүлік құнының бөлігі шегінде оның қалған мүлкінің бөлігін алуға құқылы.

13. Адвокат кеңселерін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

66-бап. Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру

1. Кәсіби қызметті жеке-дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның тұрақты тұрған жері көрсетіледі.

2. Кәсіби қызметті заңды тұлға құрмай, жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банкроттерде есеп айырысу және өзге де шоттарды, жеке мөрдi, мөртабандарды, жеке бланкілерді иеленуге құқылы.

67-бап. Республикалық адвокаттар алқасы

1. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқаларының міндетті мүшелігіне негізделген, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттық өзін-өзі басқару ұйымы ретінде Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда адвокаттар алқалары мен адвокаттардың мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау, адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

3. Республикалық адвокаттар алқасын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы құрады.

4. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы қабылдайды.

5. Республикалық адвокаттар алқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

6. Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Республикалық адвокаттар алқасы мен оның органдарының өздерінің құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері адвокаттар алқалары мен адвокаттар үшін міндетті.

8. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың тізімін, сондай-ақ аумақтық адвокаттар алқалары адвокаттарының тізімін өзекті түрде жүргізеді.

9. Республикалық адвокаттар алқасы өз интернет-ресурсында:

1) өзекті түрде адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың тізімін, сондай-ақ аумақтық адвокаттар алқалары адвокаттарының тізімін;

2) адвокаттық қызметке қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін;

3) Кәсіптік әдеп кодексін;

4) заң көмегін көрсету стандарттарын;

5) заң көмегі сапасының өлшемшарттарын;

6) біліктілікті арттыру стандарттарын;

7) барлық түсімдер мен шығыстар туралы әрбір өзіндік ерекшелік бойынша бөлек ақпаратты қамтитын Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті;

8) заң көмегі төлемінің тарифтік кестесін;

9) адвокаттар алқасы төралқаларының және Республикалық адвокаттар алқасының құрамдары туралы мәліметтерді;

10) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету туралы мәліметтерді;

11) адвокатураның тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелерін;

12) адвокатураның іс-шаралары мен оқиғаларын;

13) Республикалық адвокаттар алқасының қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы мүшелерінің ақпарат алу тәсілдерін көзделуі тиіс.

68-бап. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы

1. Республикалық адвокаттар алқасының Жарғысында:

1) Республикалық адвокаттар алқасының атауы, қызметінің нысанасы мен мақсаттары;

2) Республикалық адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

3) Республикалық адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарының құрылу тәртібі және құзыреті;

4) мүлкін қалыптастыру көздері және оған иелік ету тәртібі;

5) адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдар мөлшері мен тәртібі;

6) Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі көзделуге тиіс.

2. Республикалық адвокаттар алқасының Жарғысында осы Заңның 1-бөлімінің және осы Бөлімнің талаптарын білдіретін ережелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

3. Жарғыда көзделген жағдайларда Республикалық адвокаттар алқасында Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясында қабылданатын ережелердің негізінде жұмыс істейтін әдеп жөніндегі комиссия және басқа да органдар құрылуы мүмкін.

69-бап. Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы

1. Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы Республикалық адвокаттар алқасының жоғары органы болып табылады, ол кемінде екі жылда бір рет шақырылады. Егер конференция жұмысына сайланған делегаттар санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды деп саналады.

2. Конференция Республикалық адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

Мыналар:

1) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының орналасатын жерін айқындау;

3) адвокаттар алқаларынан Республикалық конференцияға қатысатын делегаттардың өкілдік ету нормасын бекіту;

4) Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексін әзірлеу мен бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

5) Адвокаттарды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

6) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсетудің стандарттарын әзірлеу және бекіту;

7) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

8) заң көмегіне ақы төлеудің тарифтік кестесін әзірлеу және бекіту;

9) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттық мантияның нысаны мен сипаттамасын әзірлеу және бекіту;

10) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокат куәлігінің нысанын әзірлеу және бекіту;

11) уәкілетті органмен келісу бойынша Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерін тағылымдамадан өткізудің тәртібі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

12) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарын әзірлеу және бекіту;

13) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

14) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттық сұрау салудың нысанын, оны рәсімдеу және жіберу тәртібін әзірлеу және бекіту;

15) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

16) бұқаралық ақпарат құралдарында адвокаттардың мінез-құлқы қағидаларын әзірлеу және бекіту;

17) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені әзірлеу және бекіту;

18) адвокатураның тәртіптік комиссиясы туралы ережені әзірлеу және бекіту;

19) Республикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясын сайлау;

20) адвокатураның тәртіптік комиссиясын сайлау;

21) Республикалық адвокаттар алқасы Төралқасының мүшелерін босату;

22) Республикалық адвокаттар алқасының төрағасын босату;

23) Республикалық адвокаттар алқасының ортақ мұқтаждықтарына адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдардың мөлшері мен тәртібін айқындау;

24) Республикалық адвокаттар алқасын күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту;

25) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының есебін, оның ішінде Республикалық адвокаттар алқасын күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасының атқарылуы туралы есепті бекіту;

26) Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы тексеру комиссиясының есебін бекіту;

27) конференция регламентін бекіту;

28) іс санаттары бойынша адвокаттардың ықтимал мамандандырылуын айқындау тәртібін әзірлеу және бекіту;

29) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру конференцияның айрықша құзыретіне жатады.

70-бап. Республикалық адвокаттар алқасының Төралқасы

1) Республикалық адвокаттар алқасының Төралқасы Республикалық адвокаттар алқасының алқалы атқарушы органы болып табылады.

2) Республикалық адвокаттар алқасының Төралқасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады және әрбір адвокаттардың алқасы өкілдерінің тең санынан тұрады. Төралқаға басқа адамдардың қатысуына тыйым салынған. Адвокаттар алқалары төралқасының төрағалары адвокаттар алқасының өкілдері бола алмайды.

Бір адам Республикалық адвокаттар алқасының Төралқасында бір мерзімнен артық бола алмайды.

3. Төралқа:

- 1) Республикалық адвокаттар алқасының жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 3) конференциялардың арасындағы кезеңде төралқаның және тексеру комиссиясының осы Заңда көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшелерінен шығарылған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;
 - 4) Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда Республикалық адвокаттар алқасын білдіреді;
 - 5) адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіреді;
 - 6) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді ұсынады;
 - 7) адвокаттардың кәсіптік деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, адвокаттарды және олардың көмекшілерін кәсіптік даярлаудың бірыңғай әдістемесін әзірлейді;
 - 8) адвокаттардың әлеуметтік және кәсіптік құқықтарын қорғайды;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен адвокаттық қызметке жататын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жасауға қатысады;
 - 10) адвокаттар алқаларының өздерінің қызметі туралы есептерін тоқсан сайын жинақтайды;
 - 11) адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
 - 12) адвокаттар алқаларын ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
 - 13) кемінде екі жылда бір рет Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясын шақырады, оның күн тәртібін қалыптастырады;
 - 14) Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес иелік етеді;
 - 15) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының регламентін бекітеді;
 - 16) Республикалық адвокаттар алқасының эмблемасын бекітеді;
 - 17) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
4. Тексеру комиссиясының немесе адвокаттар алқалары жалпы санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы екі ай ішінде кезектен тыс Республикалық конференцияны шақыруға міндетті.
5. Төралқаның шешімдері оның отырысына қатысқан мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

71-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы

1. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болып кемінде бес жыл адвокаттық практика өтілі бар адвокат сайлануы мүмкін. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы адвокаттар алқалары төралқаларының төрағалары олардың арасынан төрт жылдан аспайтын мерзімге, кейіннен адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы қызметінен босатылумен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Бір адам Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы лауазымын бір мерзімнен артық атқара алмайды.

Бұрын қатарынан екі мерзім бойы өкілі Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болып сайланбаған адвокаттар алқасының төрағасы Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болып сайлануы мүмкін.

2. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы:

1) мемлекеттік және өзге де ұйымдарда, сондай-ақ жеке тұлғалармен қарым-қатынаста Республикалық адвокаттар алқасынан өкілдік етеді;

2) Республикалық адвокаттар алқасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) Республикалық адвокаттар алқасының атынан мәмілелер жасасады және Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының шешімі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес иелік етеді;

5) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының отырыстарын шақырады;

6) Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы шешімдерінің және Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

72-бап. Республикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы

1. Адвокаттардың тексеру комиссиясы Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын органы болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының мүшелерінен құрылуы мүмкін. Тексеру комиссиясы мүшелерінің Республикалық адвокаттар алқасында басқа сайланбалы лауазымды атқаруға құқығы жоқ.

Тексеру комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Тексеру комиссиясының мүшелері ерікті негізде жұмыс істейді.

3. Республикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы екі жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

Бір адам Республикалық адвокаттар алқасының тексеру комиссиясының құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

4. Тексеру комиссиясы Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметін кез келген уақытта тексеруге құқылы. Тексеру комиссиясында осы мақсатта Республикалық адвокаттар алқасы органдарының барлық құжаттамасына сөзсіз қол

жеткізу құқығы бар. Тексеру комиссиясының талаптары бойынша Республикалық адвокаттар алқасы органдарының мүшелері қажетті түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша нысанда беруге міндетті.

5. Тексеру комиссиясы міндетті тәртіппен Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті тексеруді жүргізеді және тексерудің нәтижелерін Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсына орналастырады.

6. Тексеру комиссиясы Адвокаттар алқасы делегаттарының республикалық конференциясының кезекті жиналысында есеп береді.

7. Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі, оның есеп беруі жиілігі Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында, ішкі құжаттарында айқындалады.

73-бап. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі

1. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін гранттар мен қайырымдылық көмек (қайырымалдықтар) есебінен құралады.

2. Республикалық адвокаттар алқасының ортақ қажеттіліктеріне арналған шығындарға оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың Республикалық адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, Республикалық адвокаттар алқасы аппараты қызметкерлерінің жалақысына арналған шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Республикалық адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

74-бап. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі

1. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарау бойынша орган болып табылады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттардың жалпы жиналысына (конференциясына) ғана есеп беретін адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Тәртіптік комиссияның шешімдері адвокаттар алқасы үшін міндетті сипатта болады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының құрамына адвокаттар алқасының ұсынымы бойынша бес жылдан кем емес адвокаттық практика өтілі бар 6 адвокат, уәкілетті органның 3 өкілі, отставкадағы 2 судья енгізіледі.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады.

Бір адам адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жауапкершілікке тарту рәсімін Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі екі жылды құрайды.

2. Тәртіптік іс бұзушылық анықталған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қаралады.

3. Тәртіптік істі қарау кезінде адвокаттардың тәртіптік комиссиясы өзінің отырыстарына шағымдар жолдаған тұлғаларды, сондай-ақ өздеріне қатысты шағымдар қаралатын адвокаттар алқасы мүшелерін шақыруға міндетті.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыным енгізген жағдайда оның міндетті түрде қаралуы әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген аталған тұлғалардың өкілдерінің келмеуі тәртіптік іс жүргізуді қарауға кедергі бола алмайды.

4. Адвокаттың осы Заңның, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіби әдебі кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын, Республикалық адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасының шешімдерін бұзғанын көрсететін жеткілікті деректердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғау үшін негіздеме болып табылады.

5. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы мынадай:

1) алқа мүшесін анықталған бұзушылықтарды жоюды міндеттейтін және осы бұзушылықтарды жою мерзімдерін белгілейтін ұйғарым шығару;

2) адвокаттар алқасының мүшесіне ескерту жасау;

3) адвокаттар алқасындағы мүшелікті тоқтата тұру;

4) адвокаттар алқасынан шығару немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысын тоқтату туралы талап арыз дайындау туралы лицензиарға өтінішхат бере отырып, адвокаттар алқасынан шығару тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы.

6. Адвокаттың теріс қылық жасағаны үшін тек бір тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

7. Осы баптың 5-тармағында көзделген шешімдер адвокаттардың тәртіптік комиссиясы мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және аталған орган оларды қабылдаған кезден бастап күшіне енеді.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының отырысы, егер онда оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан болса, заңды деп есептеледі.

8. Тәртіптік комиссия алқа мүшесіне қатысты тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде адвокаттар алқасы алқа мүшесіне, сондай-ақ шешім қабылданған шағымды жолдаған тұлғаға оны алғанын белгілеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, шешім көшірмесін жолдайды.

9. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімі Республикалық адвокаттар алқасында және (немесе) сотта даулануы мүмкін.

10. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының жұмыс нәтижелері адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережеге сәйкес ақпарат жылдар, адамдар бойынша бөліне отырып, адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырылады.

75-бап. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы

1. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдарды қарау, адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының басқару органдарын тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік практиканы жинақтау бойынша орган болып табылады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы Республикалық адвокаттар алқасы делегаттарының конференциясына ғана есеп беретін Республикалық адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешімдері Республикалық адвокаттар алқасы үшін міндетті сипатта болады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының құрамына Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымы бойынша кемінде бес жыл адвокаттық практика өтілі бар 6 адвокат, уәкілетті органның 3 өкілі, отставкадағы 2 судья енгізіледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады.

Бір адам адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы туралы ережені Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі екі жылды құрайды.

2. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарау нәтижелері бойынша адвокатураның тәртіптік комиссиясының:

1) шағымды қанағаттандырусыз қалдыруға, ал адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімін өзгеріссіз қалдыруға;

2) адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімін өзгертуге;

3) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім қабылдауға;

4) істі тиісті адвокаттардың тәртіптік комиссиясының жаңа қарауына жолдауға және адвокаттардың тәртіптік комиссиясын белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттеуге құқығы бар.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының отырысы, егер онда оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып есептеледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешімі сотта даулануы мүмкін.

3. Адвокатураның тәртіптік комиссиясының жұмыс нәтижелері адвокатураның тәртіптік комиссиясы туралы ережеге сәйкес ақпарат жылдар, адамдар бойынша бөліне

отырып, Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырылады.

76-бап. Адвокаттар алқасының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), оның басқару органдарының шешімдеріне шағым жасау

Адам адвокаттар алқасының әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) және (немесе) олардың басқару органдарының шешімдерімен оның құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, мұндай әрекеттерді (әрекетсіздікті) және (немесе) шешімдерді Республикалық адвокаттар алқасында және (немесе) сотта даулауға құқылы.

Осы Заңда көзделген жағдайларда адвокаттар алқаларының әрекеттері (әрекетсіздігі) және (немесе) оның басқару органдарының шешімдері дауды міндетті түрде сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтай отырып, сотта даулануы мүмкін.

4-БӨЛІМ. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУІ

5-тарау. Заң консультантының мәртебесі

77-бап. Заң консультанты

1. Заң консультанты – жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, заң консультанттары палатасының тізілімінде тұрған және заң көмегін көрсететін жеке тұлға.

Мыналар:

заң көмегін көрсететін ұйымдардың құрамындағы жеке тұлғалар;

заң көмегін көрсететін және өз қызметін дара кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

дара кәсіпкерлік ретінде мемлекеттік тіркеусіз заң көмегін көрсететін жеке тұлғалар заң консультанттары болып табылады.

Мыналар:

заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалар қызметкерлері, мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдар қызметкерлері;

құқықтары мен мүдделерін қорғауды кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша – мұндай кәсіптік одақтардың уәкілдері;

ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы заңмен, жарғымен немесе ережемен берілген ұйымдардың уәкілдері;

басқа бірлесіп қатысушылардың тапсырмасы бойынша бірлесіп қатысушылар болып табылатын адамдар заң консультанттарына жатпайды.

Заң консультанты дара кәсіпкерлік түрінде жеке практикамен айналыса отырып не мемлекеттік тіркеусіз дара кәсіпкерлік ретінде, сондай-ақ заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде дербес заң көмегін көрсетуі мүмкін.

78-бап. Заң консультантының құқықтары мен міндеттері

1. Заң консультанты қажетті көмек алуға жүгінген тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда ол мұқтаж кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

2. Заң консультанты өзінің атынан оған жүгінген тұлғамен заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарт жасасады.

Заң консультанты заң көмегін заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде көрсеткен жағдайда, заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты заң консультанттарының палатасында аккредиттелген заңды тұлға жасасады.

3. Заң консультанты өкіл ретінде қатыса отырып, процестік заңға сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегіне жүгінген тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді сұратуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажетті нақты деректерді өз бетінше жинауға, сондай-ақ оларды уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғаларға ұсынуға;

4) процестік құжаттарды, сот істерін қоса алғанда, заң көмегін алуға жүгінген адамға қатысты материалдармен танысуға және заңнамалық актілерде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен оларда қамтылған ақпаратты тіркеуге;

5) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер салаларында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін мамандардың қорытындыларын шарттық негізде сұратуға;

6) әділет, прокуратура және сот органдарының лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ өзге де лауазымды тұлғалардың көмекке жүгінген адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін кемсітетін әрекеттеріне өтінішхаттар, белгіленген тәртіппен шағымдар беруге;

7) заң көмегіне жүгінген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңмен тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

8) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;

9) заң консультанттары палатасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен заң консультанттарының палатасына жіберілген жеке өтініші бойынша заң көмегін көрсету бойынша қызметті ерікті түрде тоқтата тұруға;

10) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;

11) заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттер жасауға құқылы.

4. Заң консультанты:

1) Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттары талаптарын сақтауға;

2) өзі мүше болып табылатын заң консультанттарының палатасы белгілеген Кәсіби әдеп кодексінің қағидаларын сақтауға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жарналарды төлеуге;

3) өзінің кәсіби қызметінде заң көмегін көрсету қағидастарын басшылыққа алуға;

4) соттарда адамдардың мүдделерін білдіру түрінде заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болуға;

5) заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы клиентке хабарлауға;

6) заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

7) клиентке заң консультанттарының палатасындағы мүшелігі туралы ақпарат ұсынуға;

8) клиенттің талабы бойынша сақтандыру полисін беруге;

9) клиенттің талабы бойынша өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттарының палатасы мүшелерінің тізілімінен үзінді беруге;

10) егер клиент қарсы болмаса, құпия ақпаратты таратпау туралы клиентпен келісім жасасуға;

11) клиенттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді орындауға;

12) заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттарды заң көмегін көрсету аяқталған күнінен бастап үш жыл ішінде қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық құжаттар нысанында сақтауға;

13) өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде арттыруға;

14) өзі еңбек шартын жасасқан заңды тұлға туралы ақпаратты, оның ішінде мұндай заңды тұлғаның осы Заңның 87-бабында белгіленген шарттарға сәйкестігі туралы ақпаратты, сондай-ақ еңбек шарты жасалған және (немесе) өзгерістер туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы ақпараттың кез келген өзгеруі туралы мәліметтерді заң консультанттарының палатасына ұсынуға міндетті.

5. Заң консультантына іс бойынша көмек алуға жүгінген адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позицияны ұстануға, өзі мүддесін білдіретін адамға зиян келтіретін өкілеттігін пайдалануға тыйым салынады.

6. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда заң консультантына заң көмегін көрсетуге тыйым салынады.

Заң консультанты, егер:

клиент пен заң консультантының, оның жақын туыстарының мүдделер қақтығысы болса, сондай-ақ мүдделер қақтығысын құрайтын басқа да мән-жайлар болған кезде;

Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген негіздер болса заң көмегін көрсетуден бас тартуға міндетті.

79-бап. Заң консультантының қызметін сақтандыру

1. Заң консультанты заң көмегін көрсету нәтижесінде клиентке зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша өзінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

Заң консультанты өзінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартынсыз заң көмегін көрсетуге кірісуге құқылы емес.

2. Сақтанушының (сақтандырылған адамның) өз қызметін жүзеге асырумен байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды заңнамада белгіленген тәртіппен өтеу міндеттілігімен байланысты оның мүліктік мүдделері заң консультантының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Сақтандырылған адам заң көмегін көрсету кезінде жіберген кәсіби қателіктердің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуы фактісі заң консультантының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін кәсіби қателіктер деп:

- 1) процестік мерзімдерді өткізіп алу;
- 2) құжаттарды дұрыс рәсімдемеу;
- 3) үшінші тұлғаны оған зиян келтірілуіне алып келген жасалған заң әрекеттерінің салдары туралы хабарламау;
- 4) сақтанушы (сақтандырылған тұлға) заң көмегін көрсету үшін клиенттен (сенім білдірушіден) алған құжаттардың жоғалуы немесе зақымдануы;
- 5) сақтандырылған адам заң көмегін көрсету процесінде оған мәлім болған мәліметтерді заңсыз тарату түсініледі.

Шартта сақтанушы тұлға заң көмегін көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғатын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) айқындалуы мүмкін.

4. Егер үшінші тұлғаға келтірілген зиян сақтанушының (сақтандырылғанның) кәсіби міндеттерін ниетсіз бұзуы салдарынан болса, сақтандыру жағдайы басталды болып есептеледі.

5. Заң консультанттарының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның шарттарымен айқындалады және заң консультанттарының кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған күніне республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін – тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы

заңмен белгіленген 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем емес, өзге заң консультанттары үшін – тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 500 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем емес құрауы тиіс.

Заң консультантының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тәртібі мен өзге де шарттары заң консультанттарының кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптар келісімімен айқындалады.

6-тарау. Заң консультанттарының қызметін ұйымдастыру

80-бап. Заң консультанттарының палатасы

1. Заң көмегін көрсету бойынша қызметті реттеу және Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарын, Кәсіби әдеп кодексін сақтау бөлігінде өз мүшелерінің қызметін бақылау мақсатында құрылған, бірыңғай заң консультанттарының тізіліміне енгізілген, мүшелілік шартында кемінде 200 заң консультантын біріктіретін, өзін өзі реттейтін ұйым заң консультанттарының палатасы болып танылады.

2. Заң консультанттары палатасының қызметі "Өзін өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ заң консультанттары палатасының жарғысында, ережелерінде және стандарттарында реттеледі.

81-бап. Заң консультанттары палатасының жарғысы

Заң консультанттары палатасының жарғысы уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен палатаның үлгілік жарғысы негізінде әзірленеді.

82-бап. Заң консультанттары палатасының функциялары

Заң консультанттары палатасының функцияларына:

- 1) кәсіби әдеп кодексін әзірлеу және бекіту;
- 2) заң консультанттары палатасының мүшелігіне қабылдау қағидалары мен шарттары, заң көмегін көрсету кезінде өз мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 3) мүшелік, нысаналы жарналардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін белгілеу;
- 4) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту;
- 5) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;
- 6) ұсыныстық сипаттағы заң көмегіне ақы төлеудің тарифтік кестесін әзірлеу және бекіту;
- 7) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 8) біліктілікті арттыру стандарттарын әзірлеу және бекіту;
- 9) заң консультанттарының кәсіби деңгейін арттыру;
- 10) өзінің мүшелерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

11) орта білімнен кейінгі, жоғары заң білім беру ұйымдарының түлектерінің кәсіби практикадан өтуін ұйымдастыруға жәрдем көрсету;

12) заң консультанттары палатасының тізілімін жүргізу;

13) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделерін білдіру;

14) заң көмегін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

15) Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, кәсіби әдеп кодексінің талаптарын сақтау бөлігінде өз мүшелерінің қызметін бақылау;

16) Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын, кәсіби әдеп кодексін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту;

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, заң консультанттары палатасының жарғысында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

83-бап. Заң консультанттары палатасының құқықтары мен міндеттері

Заң консультанттары палатасының құқықтары мен міндеттері "Өзін өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Заң консультанттарының палатасы уәкілетті органға заң консультанттарының палатасына мүшелерді енгізу, мүшелікті тоқтата тұру және мүшеліктен шығару туралы ақпаратты ай сайын ұсынуы міндетті.

84-бап. Заң консультанттарының палатасына мүшелік

Азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде адамдардың мүдделерін білдіру түріндегі заң көмегін көрсететін жеке тұлғалар үшін заң консультанттарының палатасында мүше болу міндетті.

Заң көмегінің өзге де түрлерін көрсететін жеке тұлғалар заң консультанттарының палатасына мүше болуға құқылы.

85-бап. Заң консультанттарының палатасына мүшелікке қойылатын талаптар

1. Жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ аттестаттаудан өткен жеке тұлға заң консультанттарының палатасына мүше болуы мүмкін.

Аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге кешенді тестілеу түрінде өтеді.

Заң консультанттарының палатасы белгілеген кешенді тестілеудің шекті балын алған үміткер аттестаттаудан өтті деп есептеледі.

Заң консультанттарының палатасына кіру үшін аттестаттауды жүргізу тәртібі мен шарттарын заң консультанттарының палатасы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

Заң консультанттарының палатасы палата мүшелеріне қосымша талаптар көздеуі мүмкін.

Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не қабілеттілігі шектелген деп танылған не заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған адам заң консультанты бола алмайды.

2. Заң консультанттарының палатасына мүшелікке кіру үшін жеке тұлға:

- 1) жоғары заң білімі туралы құжатты;
- 2) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы;
- 3) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар екендігін растайтын құжаттар ұсынады.

Заң консультанты бір мезгілде осы Заңның талаптарына жауап беретін бір ғана заң консультанттары палатасының мүшесі бола алады.

3. Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы адамнан өтініш және қажетті құжаттар түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тұлғаның мұндай адамның осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

Өзіне қатысты осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылданған адам палата мүшелігіне қабылданған болып есептеледі және мұндай адам кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мұндай адам туралы мәліметтер заң консультанттары палатасының мүшелері тізіліміне енгізіледі. Заң консультанттарының палаталары мүшелерінің тізілімінде ол туралы мәлімет енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мұндай адамға заң консультанттарының палатасына нақты мүшелік туралы растайтын құжат беріледі.

4. Мыналар:

- 1) адамның осы баптың талаптарына сәйкес болмауы;
- 2) егер шығарылған күннен бастап кемінде үш жыл өтсе, Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіби әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін заң консультанттары палатасының мүшелігінен шығарып жіберу адамды заң консультанттары палатасының мүшелігіне қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Заң консультанттары палатасының палатаға мүше болып қабылдаудан бас тарту туралы шешіміне уәкілетті органға шағым жасалуы мүмкін.

Дау реттелмеген кезде уәкілетті органның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. Палатаның алқалы басқару органы:

- 1) заң консультанттарының палатасына мүшеліктен шығу туралы заң консультанты арызының;

2) заң консультанттары палатасының алқалық басқару органы адамды заң консультанттарының палатасы мүшелігінен шығару туралы шешімін бекітуі негізінде заң консультанттарының палатасына мүшелікті тоқтатады.

6. Заң консультанттарының палатасына адамның мүшелігі көрсетілген палатаға оған қатысты шағым түскен жағдайда, егер заң консультанттары палатасының мүшесіне қатысты тексеру жүргізілсе немесе тәртіптік ықпал ету шарасын қолдану туралы іс қаралып жатса, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда - тәртіптік комиссиясының бұзушылық және тәртіптік жазаны қолдану туралы істі қарағанға дейін тоқтатылмайды.

7. Заң консультанттарының палатасы мүшесінің қайтыс болуын растайтын ақпарат заң консультанттарының палатасына келіп түскен жағдайда, заң консультанттарының палатасында мүшелікті тоқтату туралы жазба заң консультанттары палатасының мүшелері тізіліміне енгізіледі.

8. Өзіне қатысты заң консультанттарының палатасына мүшелігі тоқтатылғаны туралы шешім қабылданған адам заң консультанттарының палатасына өзінің мүшелігі тоқталған фактісі туралы өз клиенттеріне хабарлауға міндетті.

9. Заң консультанттары палатасының алқалық басқару органы заң консультанты мүшелігін заң консультанттарының палатасында тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей заң консультанттарының палатасы осындай шешімді заң консультанттары палатасының интернет-ресурсында орналастыруға және осындай шешімнің көшірмесін мынадай:

1) өзіне қатысты заң консультанттарының палатасында мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған адамға;

2) заң консультанттары палатасының алқалық басқару органы адамның Қазақстан Республикасының заң көмегін көрсету туралы заңнамасы, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттары, Кәсіби әдеп кодексі талаптарын бұзғанына байланысты оны заң консультанттары палатасының мүшелігінен шығару туралы шешімін бекіткен жағдайда, заң консультанттарының палаталары тізіліміне енгізілген барлық өзін-өзі реттейтін ұйымдарға және заң консультанттары палаталарының бірлестігіне;

3) уәкілетті органға жіберуге міндетті.

86-бап. Заң консультанттары палатасының жарналары

Заң консультанттары палатасында жыл сайынғы жарналар белгіленеді.

Кіру жарнасына тыйым салынған.

87-бап. Заң консультанттарының палатасында аккредиттелген заңды тұлғаның міндеттері

1. Заң көмегін көрсететін заңды тұлға заң консультанттарының палатасында аккредиттеуден өтуге құқылы.

2. Заң консультанттары палатасында аккредиттелген заңды тұлға:

1) штатында заң консультанттарының болуы;

2) Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауға және өз жұмыскерлерінің көрсетілген талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге;

3) заң көмегін көрсету барысында клиенттен және үшінші тұлғалардан алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

4) заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда өзінің заң көмегін көрсетуге қатысуы мүмкін еместігі туралы клиентке хабарлауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, құпиялылығын қамтамасыз ету туралы талап белгіленген ақпаратты жария етпеуге;

6) заң консультанты мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасына құпиялылығын қамтамасыз ету туралы талап белгіленген ақпаратты қоспағанда, заң консультантын тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарау үшін құжаттар мен материалдарға қол жеткізуді ұсынуға;

7) заңды тұлға аккредиттелген заң консультанттарының палатасына осы бапта белгіленген талаптарға оның сәйкестігі туралы ақпаратты, сондай-ақ осы ақпараттағы кез келген өзгерістер туралы мәліметті өзгерістер туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынуға;

8) заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттарды қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде не электрондық құжат нысанында заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде сақтауға;

9) штатындағы заң консультантына осы заңды тұлғаның осы баптың талаптарына сәйкес келмеуі туралы ақпаратты, сондай-ақ көрсетілген ақпараттың кез келген өзгерістері туралы мәліметті мұндай сәйкессіздіктер және (немесе) өзгерістер туындаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

88-бап. Заң консультанттары палатасының ақпаратқа қолжетімділікті және оны заңсыз пайдаланудан қорғауды қамтамасыз етуі

1. Заң консультанттары палатасы өзінің интернет-ресурсында орналастыру және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы мынадай ақпаратқа:

1) өз мүшелерінің құрамы туралы;

2) палата мүшелерінің жауапкершілігін қамтамасыз ету шарттары, тәсілдері мен тәртібі туралы;

3) палатаға өз мүшелігін тоқтатқан мүшелер және олардың мүшелігі тоқтатылған негіздер туралы;

4) палатаға мүше болу шарттары туралы;

5) палата қағидалары мен стандарттарының мазмұны туралы;

6) заң көмегі сапасының өлшемшарттары туралы;

7) палатаның басқару органдарының және мамандандырылған органдарының құрылымы мен құзыреті, палатаның алқалы басқару органының, атқарушы басқару органының сандық және дербес құрамы, палатаның жеке-дара атқарушы органын басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлға туралы;

8) палата мүшелерінің жалпы жиналысы және палатаны алқалы басқару органы қабылдаған шешімдер туралы;

9) палата мүшелерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, палата қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту жағдайлары (мұндай ақпарат болған кезде) туралы;

10) палатаның соттарға, сондай-ақ палатаға қатысты берілген кез келген талап қою мен арыздар туралы;

11) әрбір ерекшелік бойынша бөлек бүкіл түсімдер мен шығыстар туралы ақпаратты қамтитын қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп туралы;

12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) палатаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

2. Палата өз жұмыскерлерінің ақпаратты заңсыз пайдалануы палата мүшелеріне моральдық зиян және (немесе) мүліктік зиян келтіруі немесе осындай зиян және (немесе) залал келтіру үшін алғышарттар жасауы мүмкін ақпаратты алу, пайдалану, өңдеу, сақтау және қорғау тәсілдерін көздеуге тиіс.

3. Палата өз жұмыскерлерінің қызметтік жағдайына байланысты белгілі болған ақпаратты заңсыз пайдалануына байланысты әрекеттері үшін өз мүшелері алдында жауап береді.

4. Заң консультанттары палатасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ақпаратты ашу бойынша міндеттерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.

89-бап. Заң консультанттары палатасының тізілімі

1. Уәкілетті орган заң консультанттары палатасының тізілімін электрондық форматта жүргізеді.

2. Заң консультанттары палатасының тізілімінде қамтылған мәліметтер ашық болып табылады және уәкілетті органның интернет-ресурсында нақты жағдай бойынша орналастырылады.

Осы Заңның 80-бабының талаптарына сәйкес келетін коммерциялық емес ұйым туралы мәліметтер "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес хабарлама негізінде заң консультанттары палатасының тізіліміне енгізіледі.

Хабарламаны алғаннан кейін уәкілетті орган заң консультанттары палатасының осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауын дербес тексереді.

3. Заң консультанттары палатасының тізіліміне енгізілмеген коммерциялық емес ұйымдар өз атауында, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру кезінде "өзін-өзі реттейтін", "өзін-өзі реттеу" деген сөздерді және олардан туынды сөздерді пайдалануға құқылы емес.

90-бап. Заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару

Заң консультанттары палатасының тізілімінен шығаруға:

- 1) заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару туралы өтініші;
- 2) коммерциялық емес ұйымды тарату немесе қайта ұйымдастыру;
- 3) заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару туралы заңды күшіне енген сот шешімі негіз болып табылады.

91-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімі

1. Заң консультанттары палатасы заң консультанттарының палатасы мүшелерінің тізілімін электрондық форматта жүргізеді және палатаның интернет-ресурсында нақты жағдай бойынша орналастырады.

2. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімі осы Заң талаптарына сәйкес келетін және заң консультанттарының палатасына мүшелік туралы, оны тоқтата тұру және тоқтату туралы мәліметті қамтитын заң консультанттары палатасы тізілімінің құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Осы бапта көзделген тұлға мәліметтер заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне енгізілген күннен бастап заң консультанттарының палатасы мүшесінің барлық құқықтарына ие болады.

4. Заң консультанттарының палатасы мүшелерінің тізілімінде мынадай:

- 1) палата мүшесінің тіркеу нөмірі, оны тізілімде тіркеу күні;
- 2) мүшенің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған күні, жеке басын куәландыратын құжат деректері, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлға үшін), байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) палата мүшесінің мүлдік жауапкершілігін қамтамасыз ету туралы мәліметтер;
- 4) палата жүргізетін палата мүшесін тексеру нәтижелері туралы және оған тәртіптік және өзге де жазалау қолдану фактілері туралы мәліметтер;
- 5) уәкілетті орган, заң консультанттарының палатасы көздеген өзге де мәліметтер қамтылады.

5. Заң консультанттары палатасында өз мүшелігін тоқтатқан тұлғаларға қатысты осы баптың 4-тармағында көрсетілген ақпаратпен қатар палата мүшелерінің тізілімінде интернет-ресурста орналастырылуға жататын, заң консультанттары палатасында мүшелікті тоқтату күні туралы және мұндай тоқтатуға негіздер туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

6. Заң консультанттары палатасының интернет-ресурсында, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат деректері туралы мәліметтерді және қол жеткізу

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде шектелмеген өзге де мәліметтерді қоспағанда, осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтер жария етуге жатады.

7. Заң консультанттары палатасы осы Заңда және "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес палата тізіліміне заң консультанттары палатасы туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап заң консультанттарының палатасы мүшелерінің тізілімін жүргізеді.

8. Палата мүшесі заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінде қамтылған ақпараттың өзгеруіне әкеп соғатын кез келген оқиғалар басталғаны туралы жазбаша нысанда немесе электрондық құжатты жіберу арқылы осындай оқиғалар басталған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде заң консультанттары палатасына хабардар етуге міндетті.

9. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінде қамтылған ақпарат жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуы бойынша заң консультанттарының палатасы айқындаған тәртіппен беріледі. Мұндай ақпаратты беру мерзімі тиісті сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

92-бап. Заң консультанттары палатасының органдары

Заң консультанттары палатасының басқару органдары:

- 1) мүшелердің жалпы жиналысы;
- 2) алқалы басқару органы;
- 3) атқарушы басқару органы;
- 4) бақылау органы (тексеру комиссиясы) болып табылады.

93-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы

1. Заң консультанттары палатасының жоғары басқару органы мүшелердің жалпы жиналысы болып табылады.

2. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысының құзыреті "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде айқындалады.

Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысының өзге шешімдер қабылдауға айрықша құзыреті осы Заңда және Заң консультанттары палатасының Жарғысында айқындалады.

3. Палата мүшелерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер:

- 1) заң консультанттары палатасының тәртіптік комиссиясының құрамын сайлау;
- 2) тексеру комиссиясының құрамын сайлау кіреді.

94-бап. Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы

Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органының құзыреті "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Заң консультанттары палатасының жарғысында айқындалады.

Палатаның алқалы басқару органының құзыретіне мынадай мәселелер:

тәртіптік комиссия туралы ережені бекіту;

2) заң консультанттарының кәсіби даярлығын, біліктілігін арттыруды оқыту орталығы туралы ережені бекіту кіреді.

95-бап. Заң консультанттары палатасының атқарушы басқару органы

Заң консультанттары палатасының атқарушы басқару органының құзыреті "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және заң консультанттары палатасының жарғысында айқындалады.

96-бап. Заң консультанттары палатасының тексеру комиссиясы

1. Заң консультанттары палатасының тексеру комиссиясы заң консультанттары палатасының басқару органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын заң консультанттары палатасының органы болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы заң консультанттары палатасының мүшелері қатарынан құрылуы мүмкін. Тексеру комиссиясының құрамында заң консультанттары палатасының атқарушы басқару органының мүшелері бір мезгілде бола алмайды.

Тексеру комиссиясының құрамы бес адамнан артық болмайды.

Тексеру комиссиясының мүшелері ерікті бастама бойынша жұмыс істейді.

3. Заң консультанттары палатасының тексеру комиссиясын жалпы жиналыс екі жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

4. Тексеру комиссиясы кез келген уақытта палатаның атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясы бұл мақсатта палатаның бүкіл құжаттамасына сөзсіз қолжетімділік құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының талап етуі бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

5. Тексеру комиссиясы міндетті түрде қатысушылардың жалпы жиналысы бекіткенге дейін заң консультанттары палатасының жылдық қаржылық есептілігіне тексеру жүргізеді.

Жалпы жиналыс тексеру комиссиясының қорытындысынсыз жылдық қаржылық есептілікті бекітуге құқылы емес.

6. Тексеру комиссиясы үш айда бір рет жалпы жиналысқа есеп ұсынады.

7. Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі, есептерді тапсырудың кезеңділігі заң консультанттары палатасының жарғысында, палатаның ішкі құжаттарында айқындалады.

97-бап. Заң консультанттары палатасының мамандандырылған органдары

1. Заң консультанттары палатасында палата мүшелерінің палатаның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, палата мүшелерінің қағидалар мен стандарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асыратын орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша мүшелік шарттарын бұзуы туралы істерді қарау, палата мүшелерінің әрекеттеріне шағымдарды қарау және оның мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану үшін тәртіптік комиссия құрылады.

Құқықтық омбудсмен, тәртіптік комиссия қызметін қорытындылау және талдау комитеті тәртіптік комиссияның құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Құқықтық омбудсмен осы Заңның 100-бабының 3-тармағына сәйкес тәртіптік жазалау шараларын қолданады.

2. Заң консультанттары палатасында консультанттардың кәсіби даярлығын, біліктілігін арттыруды оқыту орталығы құрылады.

98-бап. Заң консультанттары палатасының өз мүшелерінің қызметін бақылауы

Заң консультанттары палатасының заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, палатаға мүшелік талаптарын сақтау бөлігінде заң консультанттарының қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібі "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

99-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жауапкершілігі

Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, палата жарғысының, қағидалары мен стандарттарының талаптарын бұзғаны үшін оның мүшесі осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады.

100-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тәртіптік жауапкершілігі

Тәртіптік комиссия заң консультанттары палатасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасы қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын, заң консультанттары палатасына мүшелік шарттарын бұзғаны туралы арыздарды, шағымдарды (бұдан әрі – шағым) қарау жөніндегі орган болып табылады.

Шағымдарды қарау рәсімін осы Заңның талаптарын ескере отырып, заң консультанттары палатасы айқындайды.

Шағым келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралады.

Шағымдарды қарау кезінде тәртіптік комиссия өз отырыстарына шағымды жолдаған адамдарды, сондай-ақ шағым қаралатын заң консультанттары палатасының мүшелерін шақыруға міндетті. Көрсетілген адамдардың келмеуі шағымды қарауға кедергі болмайды.

Тәртіптік комиссия мынадай тәртіптік жазалау:

палата мүшесін анықталған бұзушылықтарды жоюға міндеттейтін және осындай бұзушылықтарды жоюдың мерзімдерін белгілейтін ұйғарым шығару;

2) заң консультанттары палатасының мүшесіне ескерту жасау;

3) палатаның тұрақты әрекет ететін алқалы басқару органының қарауына жататын заң консультанттары палатасы мүшесінің қызметін үш ай мерзімге дейін тоқтата тұру туралы ұсыным;

4) палатаның тұрақты әрекет ететін алқалы басқару органының қарауына жататын заң консультанттары палатасының мүшелері тізілімінен тұлғаны шығару туралы ұсыным шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

Осы баптың 3-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген шешімдер тәртіптік комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және көрсетілген орган оларды қабылдаған кезден бастап күшіне енеді. Осы баптың 3-тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген шешімдер тәртіптік комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігінен аз дауысымен қабылдануы мүмкін.

Заң консультанттары палатасы тәртіптік комиссия палата мүшесіне қатысты тәртіптік жазалау шарасын қолдану туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шешім көшірмесін палата мүшесіне, сондай-ақ шешім қабылданған шағымды жолдаған тұлғаға оның алуын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жолдайды.

Осы баптың 3-тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген шешімдерді қоспағанда, тәртіптік комиссияның шешімін заң консультанттары палатасының мүшелері заң консультанттары палатасының алқалы басқару органына және (немесе) сотқа шағым жасай алады.

Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органының заң консультанттары палатасы мүшесінің қызметін тоқта тұру туралы, тұлғаны палата мүшелігінен шығару туралы шешіміне қызметі тоқтатыла тұрған тұлға, палатаның мүшелігінен шығарылған тұлға уәкілетті органға және (немесе) сотқа шағым жасай алады.

101-бап. Заң консультанттары палатасының әрекетіне (әрекетсіздігіне), оның басқару органдарының шешімдеріне шағым жасау

Заң консультанттары палатасының кез келген мүшесінің құқықтары мен заңды мүдделері заң консультанттары палатасының әрекетімен (әрекетсіздігімен) және (немесе) оның басқару органдарының шешімдерімен бұзылған жағдайда ол мұндай әрекетке (әрекетсіздікке) және (немесе) шешімдерге уәкілетті органға және (немесе) сотқа шағым жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң консультанттары палатасынан өзіне келтірілген зиянды өтеттіруді талап етуге құқылы.

Осы Заңда көзделген жағдайларда заң консультанттары палатасының әрекеттері (әрекетсіздігі) және (немесе) оның басқару органының шешімдері дауды міндетті түрде сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтай отырып сотқа даулануы мүмкін.

102-бап. Заң консультанттары палатасының жауапкершілігі

1. Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, палатаның қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін заң консультанттары палатасы осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Заң консультанттары палатасы, заң консультанттары палатасының мүшелері, клиенттер Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің бұзылғаны туралы уәкілетті органдарға жүгінуге құқылы.

3. Шағым түскен кезде, егер шағымды заң консультанттары палатасы бұрын қарамаған жағдайда, уәкілетті орган оны тиісті палатаға жолдайды.

4. Егер шағым палатаның қарау нысанасы болған жағдайда уәкілетті орган өтінішті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қарайды.

Шағымды қарау нәтижесі бойынша уәкілетті орган палатаға нұсқама, ескерту түрінде ықпал ету шараларын қолдануға құқылы, сондай-ақ осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шаралар қолданады.

Егер заң консультанттары палатасы уәкілетті органның нұсқамасы, ескертуі бойынша шаралар қолданбаған немесе уақтылы қолданбаған жағдайда, уәкілетті орган палатаны заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару түрінде ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселені бастамашылық жасайды.

5. Заң консультанттары палатасының әрекеттерінде (әрекетсіздігінде), оның басқару органдарының шешімдерінде бұзушылықтар болған жағдайда, заң консультанттары палатасына қатысты сот тәртібімен тізілімнен шығару түрінде ықпал ету шарасы қолданылуы мүмкін.

103-бап. Заң консультанттарының палаталарын мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Уәкілетті орган заң көмегін көрсету саласында заң консультанттары палатасының Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексі талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

2. Заң консультанттары палатасының қызметіне заң көмегін көрсету саласындағы бақылау тексеру жүргізу және өзге де бақылау нысандары арқылы жүзеге асырылады.

3. Заң консультанттары палатасының қызметіне тексеру жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган заң консультанттары палатасының, оның мүшелерінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны туралы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, құқық қорғау органдарының өтініштері негізінде қабылдайды.

4. Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының бұзушылығы анықталған жағдайда уәкілетті орган, аумақтық әділет органдары заң консультанттары палатасына бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс жолдайды және осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шаралар қолданады.

Заң консультанттары палатасы ұсынысты қарауға және ол бойынша дәлелді және негізделген жауап беруге тиіс.

Белгіленген мерзімде бұзушылық жойылмаған кезде уәкілетті орган, аумақтық әділет органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жоюға мәжбүрлеу туралы немесе заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

7-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

104-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заңның 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 34-бабының 6-тармағының б), 10) тармақшаларын, 37-бабын, 78-бабы 4-тармағының 8) тармақшасын, 79-бабын қоспағанда, осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін заң көмегін көрсететін жеке және заңды тұлғалар осы Заң ресми жарияланған күннен бастап бір жыл ішінде өз қызметін осы Заң талаптарына сәйкес келтіреді.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өз қызметін жүзеге асырған Адвокаттар алқасы, Республикалық адвокаттар алқасы осы Заң ресми жарияланған күннен кейін алты ай ішінде өз қызметін төрағаларды сайлау, адвокаттар алқаларының, Республикалық адвокаттар алқасының басқару органдарын құру тәртібін қоса алғанда, осы Заң талаптарына сәйкес келтіруге тиіс және әділет органдарында қайта тіркелуге жатады.

Мыналардың:

"Адвокаттық қызметі туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, № 22, 328-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат, № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 23-II, 170-құжат, 2016 ж., № 7-II, 55-құжат);

"Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 14, 73-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат, № 22-I, 141-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*